

№ 38-39 (7731)

16.09.2016

ЖҰМА


Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі (А.Байтұрсынов)

Аманкелді

рачы

аудандық апталық газет

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Нұржан ӨТЕГЕНОВ - Аманкелді ауданының әкімі

Құрметті жерлестер!

Еркіндік сүйген ержүрек халқымыз өз бостандығы үшін қашанда аянбай күресіп, ұлан-ғайыр жерімізді найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалды. Қазақ даласында орын алған ірілі-ұсақты қозғалыстардың барлығы ел тәуелсіздігі үшін болды. Аманкелді батыр ағамыз бастаған 1916 жылғы халық қозғалысы – Тәуелсіздік жолындағы тар-тысты күрестің айқын көрінісі болды.

Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалып, біз Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Міне, биыл сол Тәуелсіздігімізге 25 жыл толып отыр.

Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз, Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қол қойған алғашқы Жарлықтарының бірі – 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы «Семей полигонын жабу туралы» Жарлық болды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүние жүзін ядросыз әлем құруға шақырып және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды.

Тәуелсіз еліміз қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра біліп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына бет алды, бейбітшілік сүйетін, қауіп-қатердің кез-келгеніне қарсы тұратын мемлекет ретінде әлемдік қоғамдастықтан өзінің лайықты орнын ала білді. Халықаралық деңгейде бастамалар көтеріп, оларды жүзеге асыру арқылы да кеңінен танылды.

Қазақстан бүгінде ірі халықаралық жиындар өткізілетін орталыққа айналды десек, қателеспейміз. 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 56 елдің президенттері мен үкіметтері басшыларының, ірі халықаралық ұйымдар жетекшілерінің қатысуымен Ұйымның Саммиті ойдағыдай өтті.

Қазір еліміздің әлемнің 70-ке жуық беделді халықаралық ұйымдарында өкілдігі бар. Мұның бәрі – Тәуелсіздіктің жемісі.



Сондықтан, Тәуелсіздіктің әрбір жылының біз үшін мәні бөлек, тағылымы терең. Бүгінде біз берекесі мен ынтымағы жарасқан, болашағы жарқын, тәуелсіз, еркін, гүлденген елде өмір сүрудеміз. Еліміздің осындай биіктерді бағындыруына

аудан тұрғындарының үлесі ерекше. Өзге аймақтармен қатар біздің Аманкелді ауданы да тұрақты даму үстінде. Аудан экономикасы нығайып, халқымыздың әлеуметтік тұрмыс жағдайы жылдан-жылға жақсарып келеді.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтың ұсынысымен «Көркейе бер, Қостанай!» акциясы бастау алған болатын. Мақсаты қостанайлықтарды кіндік қаны тамған жерін көркейтуге шақыру, туған жерден жырақта жүрген түлектерді туған өлкенің өсіп-өркендеуіне үлес қосуға тарту. Игі бастама халық арасынан кең қолдау тауып, бюджеттік мекеме қызметкерлері біркүндік жалақыларын аударды. Аманкелді ауданының топырағында туып-өскен, бүгінде сыртта жүрген жерлес азаматтар, түрлі кәсіппен айналысатын бизнесмендер мен кәсіпкерлеріміз туған жерін көркейту, абаттандыру жұмыстарына өз үлестерін қосуды перзенттік парызы деп санап, қаржылай көмектерін көрсетіп демеушілік жасады. Мұның сыртында ауданның шаруашылық құрылымдарымен, кәсіпкерлерімен әлеуметтік әріптестік негізінде меморандум жасалып, олар да қаржылай көмек көрсетіп отыр.

Бүгінде қоғамдық қорға жиналған қаражатқа аудандық орталық стадионның сыртқы қоршаулары ауыстырылып, көрермендер отыратын трибунаға орындықтар қойылып, жаңарту жұмыстары жүргізілді. Ауданның орталық көшелері абаттандырылуда. А.Иманов мемориалдық мұражайының ішкі экспозициясы толық тартылған қаражатпен жаңартылып жасалында.

Батыр ескерткіші орналасқан «Шұғыла» ғимарат алаңындағы фонтанға және ескерткішке абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең маңызды мереке Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында 1916 жылғы халық қозғалысының 100 жылдығын атап өткелі отырмыз.

Құрметті аманкелділіктер!

Ел мерейі, ел абыройы – бәрімізге ортақ. Олай болса, баршаңызды туған өлкеміздің абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктетуге ел болып белсенді атсалысуға шақырамын. Қазақ елінің ең киелі бақыты мен байлығы, ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, береке-бірлігіміз арта берсін!

ҒАСЫРЛЫҚ ТӨЙҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Қостанай облысы
Аманкелді ауданының
әкімі Н.Қ. Өтегеновке

Құрметті Нұржан
Қайыржанұлы!

Сізді және аудан халқын ұлттың ұлағатты ұясы, Ахмет, Міржақып, Ыбырай, Әбдіғапар, Оспан, Аманкелді, Қасымхан сынды ұлы тұлғалар туып, өскен өлке өміріндегі тарихи оқиға ұлт-азаттық қозғалысының жүз жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қозғалыс – ноктаға басы сыймаған қайсар халықтың ерлігі мен елдігін танытқан тарихи оқиға! Данышпандар мен батырлар ұрпағы – аманкелділіктер бүгінде бабалар аманатына адалдығын танытып, Тәуелсіздік мәңгілік болу үшін елдің еңсесін биіктету жолында жемісті еңбек етіп келеді. Батыр атындағы ауданның бүгінгі бекем, келешегі кемел.

Мен талай талантты тұлғаларды ұясынан ұшырған Аманкелдіде туып, өскенімді мақтан етемін. Күрделі операция жасалуын күтіп, ауруханада жатуыма байланысты осы айтулы күндері жерлестеріммен бірге бола алмағанымға қатты өкінемін. Лүп-лүп соққан жүрек те, таңғы шықтай тап-таза тілек те - өздеріңмен бірге!

Сізге және барлық жерлестеріме мықты денсаулық, ба-янды бақыт тілеймін!

Зор бақыт, ең ізгі тілекпен - Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» сыйлықтың лауреаты, «Аманкелді ауданының Құрметті Азаматы». Алматы шаһары.
Қыркүйек айының 8 жұлдызы, 2016 жыл.



Құрметті жерлестер!

Тәуелсіздікті аңсаған халқымыздың өткен жолын саралағанда, осыдан 100 жыл бұрын Торғай даласында болған ұлт-азаттық қозғалыстың орны ерекше. Сол кезеңде туындаған ұлттық кемсітушілікке қарсы тұрып, өзінің құқығын биліктен талап еткен қазақ халқы, еліміздің барлық жерінде бас көтергенін білеміз, оның ішінде Торғай қозғалысы жеңіліске ұшырамай Қазан төңкерісіне жалғасып, өмір сүріп отырған дәуірдің түп-тамырымен өзгеріске ұшырауына негізгі себепкер болды. Бұл, ұлт-азаттық қозғалыс - Тәуелсіздікті аңсаған халықтың алғашқы бұлқыныстарының бірі еді.

Қозғалыстан кейінгі 100 жыл аралықта елімізде дәуір алма-сып, қазақ халқы жаппай сауаттылық, теңдік пен әділділікке жету үшін асқаралы еңбек пен күрес жолында шыңдалды. Тек, осыдан ширек ғасыр бұрын ғана халқымыз, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізді. Ал, оған біздің аталарымыздың ұлт-азаттық қозғалысы кезінде жасаған жанкештілік ерліктері себепкер болғаны ақиқат. Бүгінгі біздің алдымызда тұрған арманымыз - Мәңгілік Ел болу, ол үшін Ұлт Жоспары - 100 нақты қадамда аталып көрсетілген біртектілік пен бірлікті нығайту болып табыла-ды. Осыдан 100 жыл бұрын болған ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты - Тәуелсіздікке қол жеткізу болса, біздің мақсатымыз оны қорғай білу. Азаттық жолында жанын пидә еткен аталарымыздың ерен ерліктері бізге үлгі және олардың армандарын іс жүзіне асыру кейінгі ұрпаққа парыз.

Құрметті отандастар!

Сіздерді ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Отбастарыңызда баянды бақыт пен береке-бірлік болуына тілектеспін.

Амантай БАЛҒАРИН,
Арқалық қаласының әкімі
09.09.2016 жыл.



Құрметті жерлестер! Құрметті қонақтар!

Сіздерді елі аралас, қойы қоралас Жанкелдин ауданы халқының атынан тұтас Торғай елінің ерлігін паш еткен Торғай ұлт-азаттық қозғалысының ғасырлық тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл той - жекелеген адамдардың емес, осыдан 100 жыл бұрынғы Торғай халқының яғни бәріміздің ата-бабаларымыздың ерлігіне көрсетіліп отырған құрмет деп есептеймін.

Олар тарихтың тегерішігі дөңгеленген сол тұста патша Жарлығына қарсы шығып, еліміздің Тәуелсіздігі мен Азаттығын алып қалуға ұмтылды. Мұздай қаруланған патша әскеріне өздерінің жасампаз жігерлерімен, найзағай намыстарымен, қайтпас қайратымен қарсы тұрды. Әрине, бұл күрес олар үшін оңайға соққан жоқ. Бірақ олар туған жердің топырағын ерлікпен қорғай білді. Сонымен бірге бір-бірлерін қолдай білді. Аталарымыз Оспан хан, Әбдіғапар хан, Аманкелді сардар, Қасымхан сардар бастаған халқымыз ата-бабалардан жалғасқан аманатқа адалдықтырын көрсете білді.

Олардың тілегі ақ еді, жүрегі пәк еді. Содан болар Аллатағала Торғай азаттық қозғалысын 1917 жылғы Ақпан революциясына, одан Қазан революциясына ұластырып, қырғыннан аман алып қалды. Олай болмағанда патша әскері халқымызға үлкен қауіп-қатер төндіретін еді.

Бұл 100 жылдық той - елімізге, жерімізге, бәрімізге жұғысты болсын!

Аскарбек КЕНЖЕҒАРИН,
Жанкелдин ауданының әкімі
09.09.2016 жыл.



1916 ЖЫЛҒЫ ТОРҒАЙ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ



Оспан хан
Шолақұлы
(1866-1937)



Әбдіғапар хан
Жанбосынұлы
(1870-16.XII.1919)



Сардар Қасымхан
Алтынсарыұлы
(1887-....)




Сардар Аманкелді
Үдербайұлы Иманов
(03.04.1873-18.05.1919)



Әліби Тоғжанұлы
Жанкелдин
(1884-1952)



Сардардың 1-ші орынбасары,
Қараторғай болысы мыңбасысы
Өмен Мұсабаев
(1888 - 23.02.1917)



Сардардың 2-ші орынбасары
әрі құрдасы
Әбіш Рысбаев
(1873 - 1937)



Қайдауыл болысының
мыңбасысы, А.Имановтың
құрдасы Әлжан Қарабаев
(1873 - 1956)



Қызылжыңғыл немесе Найман
болысының мыңбасысы
Ақмолда Нұрқамысов

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ЖҮЗБАСЫЛАРЫ МЕН ОНБАСЫЛАРЫНЫҢ САРБАЗДАРЫНЫҢ БІР ТОБЫ




Кейкі Көкембаев
(1871-19.04.1921)




Молдабек Байтөрин,
А.Имановтың адъютанты



Шекер Шүленов,
жүзбасы



Ыбырай Атамбеков,
жүзбасы




Баязит Төлегенов,
жүзбасы



Молдахмет Шылмырзаев,
сарбаз



Әбілдә Жармағанбетов,
сарбаз




Нұрмағанбет Саусақов,
сарбаз



Көршібай Қорғанбеков,
сарбаз



Смайыл Көпжасаров,
сарбаз



Кішібай Баяділов,
сарбаз



Қабланбек Бәтешов,
әскери комиссар

А.Имановтың 100 жасаған құрдастары



Суретте: (солдан оңға қарай) қожалар жүздігінің жүзбасысы Бірәлі Бәйтенов (1873 - 1975), көтерілісшілер кеңесінің төрағасы, ақын Әбжан Құндызбаев (1873 - 08.09.1973)

А.Имановтың қарындастары мен келіндері, қыздары және сарбаздар



Ақсары Иманова, қозғалысқа қатысушылардың киімін тігуші



Асыл Абайділдиева, көтерілісшілердің аспазы



Базар Көпжасарова, көтерілісшілердің аспазы




Дәметкен Раисова, батыр туралы Ақмолда ақынның жырын айтушы



Мәкен Иманова, батырдың қызы, сельсовет төрағасы болған



Сейтқасым Көшімбеков, батырдың шөбере інісі, Торғай уезі ревком төрағасы




Рахила Көшімбекова, көтерілісшілер аспазы



Теңге Жақина, көтеріліске қатысушы



Шөкен Жанқұлақызы Дауылбаева, сарбаздар аспазшысы



Әсіп Бекжанов, А.Имановтың сенімді сарбаздарының бірі



Тойман Шүленов, А.Иманов отрядының сарбазы



Сұлтан Бектасов, әскери комиссар орынбасары



Тілеуберген Ержанов, А.Иманов отрядының сарбазы




Толыбай Бозаев, А.Иманов отрядының сарбазы



Суретте: А.Иманов сарбаздары (солдан оңға қарай) Дүйсенбек Оржанов, Бірәлі Қожабаев (Социалистік Еңбек Ері), Жәкен Жақинов



Естек Байтөрин, сарбаз



Ахмет Сайдалиев, сарбаз



Әміржан Қожахметов, сарбаз



Жансейіт Байжанов, сарбаз



А.Имановтың сарбаздары, Социалистік Еңбек Ерлері ағайынды Досан, Қошан Есболовтар

Құрметті оқырман! Жарияланып отырған бұл суреттер «АА» газетінің архивінен және А.Иманов туралы әр жылдарда жарияланған кітаптар мен ғаламтордан алынды. Өкінішке қарай, көптеген сарбаздар мен мыңбасылардың, жүзбасылардың, онбасылардың суреттері сақталмаған. Кезінде оларды фотоға түсіруге мүмкіндік болмаған секілді. 1916 жылдан кейінгі жаппай тәркілеу (1928), алапат аштық (1932), қуғын-сүргін дәуірі (1937-1938), жойқын соғыстар (1939 жылғы Фин, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан және Жапон соғыстары) кезінде олардың бірқатары тұтқындалып немесе қазаға ұшырап кетті. Суреттерін сол уақыттарда түсіру мүмкін болмаған. Фотоға түсіру біздің ауданда кештеу дамыған өнердің бірі.

Дегенмен, алдағы уақытта 1916-1917 жылдардағы Торғай қозғалысына қатысқан барлық қаһармандардың суреттерін іздестіруді қолға алдық. Бұл іске әкелері немесе аталары қозғалысқа қатысқандардың ұрпақтары үйлерінде сақталған фо-

толар болса, редакцияға жолдауларын өтінеміз. Ол суреттер мұқият сақталатын болады, иелеріне қайтарылады. 1916 жылғы көтерілісті жазу 100 жылдық тоймен бітпейді. Алла нәсіп етсе, алдағы жылдарда олар туралы кітап шығарылатын болады. Бұл - бір адамның емес, әлденеше адамдардың атқаратын жұмысы. Себебі, жарыққа шығарылатын сол туынды - әдеби кітап емес, нақты құжатты туынды болмақ. Сондықтан, осы іске Арқалық, Аманкелді, Торғай және Науыр-зым, Ұлытау, Жезді, Қарсақбай өңірлері журналистерінің, білімпаздарының үлес қосқандарын қалаймыз.

Торғай қозғалысын нақты деректер мен құжаттар арқылы жаңаша бағалау енді басталып жатыр. Сондықтан, бұл шаруаға тек журналистер ғана емес, барша халық және аудан басшылықтары тарапынан қолдау мен көмек болғаны абзал. Сонда ғана 1916 жылғы қозғалыс туралы бір кітап шығып қалар еді.

«Аманкелді арайы» газетінің редакциясы

ОСПАН ХАН ШОЛАҚҰЛЫ

Мылтықбай ЫСМАҒҰЛ - Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Тәуелсіздік! Осынау бірауыз ғана сөзде қаншама қадір-қасиет тұр десеніңші. Бір ғана сөзде бүтін бір ұлттың талайлы тағдыры, бірнеше ғасырларға созылған жанкешті күресі, төгілген қаны мен тарихтың керуен-көшіндегі соқтықпалы ұзақ жолы жатыр.

Сондықтан азаттық бастауларының басты бір саласы, негізгі бір тұтқасы 1916 жыл туралы, осы жылдың күні бүгінге дейін белгісіз болып келген айтулы тұлғаларға хақында қолда бар азды-көпті деректер негізінде ой толғауды жөн көрдік.

Тәуелсіздік тағылымы ұрпаққа ұйытқы болып, кемел келешекке бағдарға айналған тұста өткеніміз бен бүгінімізді саралап, ұлы тұлғалар рухына тағзым жасай жүрудің ешбір сөкеттігі жоқ. Керісінше, түрлі кедергілер салдарынан тарихтан тиісті бағасын ала алмай, жас ұрпақ қана емес, орта буын өкілдері де толық танып-білмей келе жатқан халқымыздың аяулы перзенттері жөнінде жүйелі сөз қозғап отырғанымыз қастерлі борыш іспеттес. Демек, оқырмандармен ой бөлісер ең басты тақырып – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарих әлі толық мойындай қоймаған бірегей басшылары туралы... Сонымен...

I. ОСПАН ХАН. ОЛ КІМ?..

Тарихтан әділ бағасын ала алмай келе жатқан Азаттық қозғалысының ақиғы туралы ойлар

Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тұлпар мініп, ту ұстаған тұлғаларының бірі – Оспан ШОЛАҚҰЛЫ. Бірақ, ең өкініштісі, ол – тарихымызды түгендеген солақай саясат сойылы оңдырмай тиген, соның салдарынан Азаттық қозғалысының тарихынан лайықты орнын ала алмай келе жатқан тұлға.

Қарт журналист, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбына қалам тартып жүрген Бөгетбай Әлмағанбет: «Уездің батыс шебін (Торғай уезін айтып отыр) қорғап, Орынбор, Орскіден келетін жолға тосқауыл құрған Оспан хан сарбаздары подполковник Тургеневтің пулемет, зеңбірекпен қаруланған құрама қосынын тосып Ақшығанақта ұрыс салды. Оспан хан қолы жауды кідіртті, Әбдіғапар, Амангелді сарбаздарының Үрпек, Батпаққара маңына жиналуына мүмкіндік туғызды. Жеңіліс тапқанымен Оспан хан қолы өзінің мүмкіндігін тамаша атқарды» деп жазды («Ақ жол» (қазіргі «Аманкелді арайы») газетінің 1-15 қаңтар

аралығындағы 2000 жылғы басылымы).

Сөз орайы келгенде айта өте-лік, 1994 жылғы қыркүйек-қазан айында Жанкелдин аудандық «Торғай тынысы» (қазіргі «Біздің Торғай») газетінің бірнеше нөмірінде жергілікті тарихшы-мұғалім Тайғара Шүреновтің «Бостандық туын көтерген» атты танымдық-деректік очеркі «Тарих тағылымы» айдарымен жарық көрді. Ал мұның өзі Азаттық үшін алысқан баһадүр баба туралы ақиқатты айтуға ұмтылған алғашқы қадам, тұңғыш талпыныс еді. Т.Шүренұлы тарихи деректерге негізделген бұл очеркінде Оспан хан хақында құнды мәліметтер келтіріп, 1916 жыл оқиғасына, соның ішінде Ақшығанақ айқасы, Тосын, Тармақ, Тоңқайма бойындағы ұрыстар мен қақтығыстардың тікелей қатысушы куәгері Шоқының Назары мен әкесі Шүрен естеліктеріне, әңгімелеріне сүйеніп, кеңестік кезең тарихшыларының жөнсіз айыптауларының барлығын жоққа шығарған. Көнекөздердің бүгінгі ұрпақтарының зердесіне Оспан хан мен оның сарбаздарының ерен ерліктері атадан балаға мирас болар ауызекі әңгімелер арқылы құйылып, аңыздай таралып, жақсы сақталған.

Тарихи деректерге сүйенсек, Торғай уезі сол кезеңде 8 болыс Арғын, 6 болыс Қыпшақ, 1 болыс Найман тайпаларынан тұрған. Көтерілістің батыс жақ бөлімін басқарып, Арғын ханы болып сайланған Оспан Шолақұлы болды.

Ал осы Оспан хан кім? Ол туралы, ата-тегі жөнінде не білеміз? Енді аз-кем осы мәселеге талдау жасалық. Торғай өңірінде Шақшақ Жәнібектен тараған үш рулы ел – Дәуітбай, Жауқашар, Тоқтамыстан тараған ұрпақтары мекендейді. Оспан хан Шолақұлы Жәнібек бабамыздың ортаншы баласы Жауқашардың Жайсанбай тармағынан тарайды. Бұрынғы «Торғай» кеңшарында тұрған марқұм Әбдісәлік Айжарқынов жинақтаған ру шежіресін ел тарихына қатысты мәселелерді жүйелі зерттеп, кеңінен жазатын қаламы үшкір, энциклопедиялық білімі бар дарынды публицист, өмірден мезгілсіз өткен Болат Әлденұлы 1990 жылы шілдеде өзі негізін қалаған «Аманат» газетінің бетінде 1991 жылғы тамыз айындағы 6-шы нөмірінде толық жариялады. Азаттық

жолындағы алысқан тұлғаның ататегін осы шежіреге сүйеніп таратып көрелік.

Жауқашардан төрт бала – Мендібай, Асаубай, Арқай, Жайсанбай тарайды. Жауқашардың бұлардан өзге Байкүшік және Жанкүшік деген балалары да болған. Сондай-ақ інісі Деріпсалдың ұрпақтары да Жауқашардың бауырында өскендіктен, оның бір баласы саналған. Жауқашар балалары ішінде ең көп тараған әулет – Жайсанбай тұқымы. Бұл әулет тарихқа өзіміз сөз етіп отырған Торғай арғындарының ханы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі көсемдерінің бірі Оспан Шолақұлы арқылы да енген. Жайсанбайдан – Кунак, Тулақ, Шолақтың әулеті бастау алады. Ал Жайсанбайдың кенже баласы Шолақтан он ұл туған. Оспан – осы отбасының жетінші перзенті.

Біздің шамалауымызша, Торғайдағы Азаттық қозғалысының болашақ басшысы 1866 жылдары Тосын болысындағы Шолақ ауылында дүниеге келген. Атақты Тосын құмында «Оспан қыстауы» деген қоныс орны бертінге дейін жақсы сақталып келді. Оспан жастайынан өжет, алғыр, бірбеткей мінезді болып өскен. Ауылда ескіше оқып, хат таныған. Ол батырлығымен ғана емес, мейірімділігі, жарлы-жақыбайға қамқорлығы, әділдігімен де есімі ерте шыққан. Ауыл-аймағында сөз ұстап, билікке де араласқан. Болыстықтан тысқары жерлерде де лайықты абырой-беделге ие болған. 1916 жылғы қазақ даласындағы, соның ішінде Торғайдағы көтеріліс кезеңінде ол көрсеткен айрықша ерлік 1926 жылғы «Ауыл» газетінің желтоқсан айындағы «Торғайдағы 1916 жыл оқиғасының шындығы» атты мақалада жан-жақты баяндалған. Зерттеушілер пікірінше, мақала авторы бүркеншік есім қолданған Бейімбет Майлин болса керек. Мұнда көтерілісшілерді өз ағайыны Жақып болыстың ауылына бастап келген Оспан хан ешкімнің айтқанын тыңдамай, болыс, старшын, билердің айбарынан сескенбей, еңселі Ақ Ордаға жеке-дара кіріп барып, 19 бен 43 жас арасындағылар тізімі әзірленіп, қатталып қойған қалың кітапты ауыл ортасында отқа салдырғаны егжей-тегжейлі баяндалды. Міне, осы бір мысалдың өзі Оспан ханның табиғатын,

бітім-болмысын ашып тұрса керек.

Ал көнекөздердің бүгінгі күндерге жеткен әңгіме-естеліктерін зерделесек, Оспан Шолақұлы даңқты Дала комиссары Әліби Жангелдинмен өте жақсы достық қарым-қатынаста болып, оның Шалқар-Торғай, Торғай-Шалқар бағытындағы сапарларында баға жетпес көп көмек көрсеткен. Дегенмен... Айнымалы заманға, тағдырға не шара?! Халқы үшін қабырғасы қайысқан ер ауыл-аудан арасындағы атқамінерлердің көзтүртпегіне айналып, есіл еңбегі елеусіз қалдырыла бастаған. Есесіне «Оспан хан жаңа өкіметті жақтырмайды» дегендей сыбыс таратып, басқан ізін аңдуға кіріскен. Оның ақыры белгілі, көп ұзамай жалған жаламен Қостанайдағы Ақ түрмеге, кейіннен Семейге жер аударылған.

Оспан ханның екінші ұлы Молдағалидан тараған немересі Әбдікәрім ақсақалды көзіміз көрді. Алып тұлғалы, бойы екі метрге жетеғабай, ширақ қимылды, өр мінезді адам еді. Атасының «хан» деген атағының азабын немересі Әбекең де 25 жыл аркалап, жер түбіндегі Магаданның ащы дөмін татып келген. Бірақ тумысынан қайсар жан тағдырының қатал сынағынан сынбай, мойымай өте алды. Ата-бабасының ежелгі мекені Тосын құмының бұй бүйіріндегі Түйемойнақ ауылында ғасырға жуық өмір көшіп, ұлын – ұяға, қызын қияға қондырды.

Оспан ханның Молдағалидан өзге үлкені – Қали, кенжесі Қанаш деген ұлдары болған. Олардың ұрпақтары да өсіп-өніп отыр. Бір атап өтеріміз, Жайсанбай тұқымынан елге танымал азаматтар көп шыққан. Мысалы, республикаға танымал банкир Әждар Талқанбаев, ұзақ жылдар бойы Қостанай облысының бас мал дәрігері қызметін атқарған Бұзаубай Қалиев, «Шақшақ Жәнібек – тархан» корпорациясының президенті Ерболат Төлегенов, Жанкелдин ауданында ширек ғасырға жуық кеңшар басқарған, қазір Торғай селосының әкімі Кәдір Жүнісов және басқаларды айта аламыз.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тұғырлы тұлғаларының бірі Оспан хан Шолақұлының тарихтан өз орнын, әділ бағасын алар уақыты келді. Бұл орайда Қазақстан тарихының жаңа оқулығы жазылып жатқан тұста азаттық

жолындағы халықтық күреске жаңаша көзқараспен жаңаша баға беру тарихшы-ғалымдар мен зерттеушілер назарында болса дейміз. Жергілікті атқарушы органдар, әсіресе, Ақшығанақ ауылының әкімдігі Оспан хан есімін есте қалдыру туралы іс-шаралар жоспарын жасап, жоғары тиісті орындарға ұсыныстармен шыққаны жөн болар еді.

2. ҚОЛ БАСТАҒАН
ҚАСЫМХАН АЛТЫНСАРЫ
Ақиқат айтылар кез келді

Азаттық үшін алысып, ел тәуелсіздігі мен бақыты жолында өз өмірін қиған, тағдыры қилы-қилы кезеңдерге толы тұлғаның бірі – Қасымхан АЛТЫНСАРЫ. Ол кім?.. Ол туралы не білеміз?

«Ол – 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінде қол бастаған қолбасшының бірі. Арғын тайпасының Амангелді секілді көсемі. Мыңбасы болған адам».

– Бұл – Әлекеңнің, Әліби Жангелдиннің өз аузынан естіген сөзім, – дейді дербес зейнеткер, байырғы кәсіби журналист Жәлел Қарабалин бір әңгімесінде.

Торғай елінің көзі тірі тарихы, қаттаулы шежіресіндей Жәлел ақсақал 1948 жылдың жазында өткен осы кездесуін тебірене еске ала отырып, былайша сыр толғады:

– Алғашқы жүздесуде-ақ Әлекең ел жақтан біз білетін сол жылдардағы көзі тірі қариялардан Әлмағанбет Оспанұлы мен Файзолла Сатыбалдыұлын сұраған болатын. Ал Әлекең айрықша сұрастырған екі адам бізге бейтаныстау, есімдері ұмыт бола бастағандар – Шолақтың Оспаны мен Алтынсары Қасымхан Арыстанұлы еді...

Қарт журналист, КИЖ-дің 30-шы жылдардағы түлегі Жәлел ақсақал әңгіме негізіне алып отырған қос тұлға – Оспан хан Шолақұлы мен Қасымхан Алтынсары сол кезде тобасы қабыл болып, түкірігі жерге тимей тұрған Кеңес өкіметіндегі беделді адамның назарына талай ілігіп, жадында сақталды. Біздіңше, дәл осы бір жай көзге елеусіз нәрсенің езі үлкен мәселе, елеулі әлеуметтік жүк аркалап тұрған тәрізді. Әліби Жангелдиннің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысынан 32 жыл өткен соң халқының азаттығы үшін алысқан тұлғаларды сұрастырып, кейінгі тағдыр-талайынан хабардар болуға ұмтылуы да олардың тарихта қандай орны бар екендігін аңғартса керек.

(Жалғасы 5-бетте)

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына орай аудан активтерінің қатысуымен халық батырлары Кейкі (Нұрмағанбет) Көкенбаевтың бейіті мен Аманкелді Үдербайұлы Имановтың туып өскен жеріне (қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы) және сүйегін алғаш қойған бейітке барып, құран бағыштап, қол жайып, ескерткіш тақталарды сырлап, шағын жөндеу жұмыстарын жасады.

Делегация құрамында аудан әкімінің орынбасары Сабыржан Хайруллин, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Балтабай Уахитов, ел ағасы Бимырза Нұрсейітов, Н.Мейірманов атындағы орта мектеп директоры Бекзада Дәуітбаев, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары Абзал Ташимов және аудан жастары болды.

– Өткен тарихымызды түгендеп, ұлы тұлғаларымыздың жасампаз істері жайлы ақиқаттарды келешек ұрпаққа жеткізіп,



өнеге етіп отыру – аға буын өкілдерінің парызы.

Тарихын түгендеп, жақсы мен жайсаңын зерделеген ел ғана мәңгілік ел бола алады. Туған жердің тарихы мен құпия сырларын ұрпақ санасына жеткізе отырып, оның бойына патриоттық тәрбиені қалыптастыруды және оны жастар арасында кеңінен насихаттауымыз міндет.

Өскелең жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеп, олардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру – біріміздің ортақ парызымыз, – дейді аудандық Жастар Кеңесінің жетекшісі, ұйымдастырушы Бекболат Сақтапбергелұлы.

Ия, осы сапардан өз басым үлкен әсер алып қайттым. Себебі мен Аманкелді батырдың ұрпақтарының бірімін. Менің де аталарым Аманкелді бабам туған Терісбұтақта тұрған. Ата-баба жерін көріп, рұхтанып қайттым.

Әнет ЖҰМАБЕКҰЛЫ.
Суретте: іс-шараға қатысушылар.

Шежіре-деректерге сәл-пәл шегініс жасап, Қасымхан Алтынсарының кім екендігіне тоқталып өтелік. Себебі күні бүгіндерге дейін оны көрнекті ағартушы Ыбырайдың әкесі Қыпшақ Балғожа бидің баласы Алтынсарымен шатастырушылар кездесіп қалып жүр. Ыбырайдың әкесі Алтынсары – арғын тайпасындағы Шақшақтың Көшейінің бір баласы – атақты Қошқарұлы Жәнібек батырдың шөбересі Мұсаұлы Шеген бидің қызы Айманды алған күйеубаласы. Ол Алтынсары Ыбырай туғаннан кейін жастай қайтыс болған. Ал біз әңгіме арқауына алып отырған Алтынсары – Шеген бидің үшінші әйелінен туған кенже баласы, Қасымханның әкесі.

Шеген би осы ұлы Алтынсарыдан көп үміт күткен. Батыр болып өседі деп дәмеленген. Шынында да, Алтынсары батыр тұлғалы, ер мінезді жігіт болып өседі. Алтынсары заманы тыныштық, мамыражай тірлікте өтеді. Ол басқалармен терезесі тең батырдың бірі, сүйікті баласы, халқы сыйлаған, дастарқанға кең, парасатты кісі болыпты.

Алтынсарыдан екі ұл – Әлі мен Арыстан туады. Қасымхан – Арыстаннан туған екі ұлдың бірі. Екінші ұлы – Жүніс, одан – журналист-зерттеуші Мақсұтбек Сүлейменұлының жазуынша, Сұлтан және Дәуірхан деген екі бала өмірге келген. Сондықтан да болар, Алтынсары ұрпағым аз болатын шығар деп қайғырған екен. Дегенмен Қасымханнан сегіз ұл туып, шетінен «сен тұр, мен атайын» дейтіндей жігерлі болып өсіпті.

Қасымхан әулеті басқаларына қарағанда өжет, ер мінезді болып қалыптасқан екен. Ал Қасымханның өзі өте сымбатты да денелі, ер тұлғалы кісі болған дейді. Ел арасында әділдігі, жомарттығымен аты шыққан Қасымханды ағайын-туғандары ғана емес, жарлы-жақыбайлар көп төңіректеп, жағалаған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы күндерінде-ақ Қасым ханның ел арасындағы үлкен беделі, көзсіз батырлығы ақсақалдар мен билер алқасының қолбасшылықты бірауыздан ұйғарып бекітуіне негіз салды.

Ұстаз, партия қызметкері Здей Мұхамеджановтың 1974 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Торғай комиссарлары» атты тарихи құжаттар мен деректер ізімен жазған кітабында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына жан-жақты талдау жасауға ұмтылыс байқалады. Кеңестік саясаттың салқыны

мен сол кезеңнің қағидасына лайық жазылды десек те, Здейдің тарихшы ретіндегі ізденістері, қайсыбір белгілі ғалымдар әдейі назар аудармай өткен фактілерге талдау жасауға тырысуы атап өтуге тұрарлық. Мысалы, осы кітаптың 32-ші бетінде З.Мұхамеджанов: «...Әуелі Амангелді бастаған мергендер қаланың күншығыс жағынан шабуыл жасайды. Оспан Шолақов пен Қасымхан Алтынсарин бастаған топ күнбатыс жақтан кіреді, қалған сарбаздар қажет болған жағдайда шабуыл жасаушыларға көмек беруге дайын тұрады» деп шындықты жазып көрсете алған. Сексен жылдан астам уақыт бойы тарихи еңбектері әлі дұрыс бағаланбай келе жатқан қос тұлғаның – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің есімдері шағын кітапшада аталып өткеніне де тәубе делік. Себебі «кемелденген» қоғамның 1970-1980 жылдардағы саясатының «жазылмаған заңы» бойынша Оспан хан мен Қасымхан Алтынсарының халыққа жақындатып, тұлға ретінде танып-білуге шектеу қойылған еді. Себебі бұлардың екеуі де белгілі, беделді әулеттер тұқымынан болатын.

Қасымхан Алтынсары бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезі, Тосын болысында 1887 жылы дүниеге келген. Жас кезінде ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таныған. Ұлағатты әулетте тағылымды тәрбие алған Қасымханның жастайынан зерек, зерделі, өжет, алғыр жас болып өскенін жоғарыда айттып өттік. Ержүректігімен ел аузына ерте іліккен Қасымхан азаттық қозғалысының алдыңғы қатарынан табылды.

– Қасымхан Амангелді батыр, Кейкі мергенмен өте жақсы дос, қарулас жолдас болғанын көнекөздер жиі әңгімелеп отыратын. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы қызған тұста Құмкешуде өткен Арғын-Қыпшақтың игі жақсыларының бір жиынында Қасымханды алғашында арғын тайпасының ханы әрі қолбасшы-сардары етіп сайлап жіберіпті, кейіннен ел ақсақалдары Қасымханды көтерілістің Амангелді секілді сардары етіп қайта сайлап, хандықты жасы үлкен ағасы Шолақтың Оспанына беруді ұйғарған екен, – дейді Жәлел ақсақал қос тұлға туралы әңгімесін сабақтай отырып.

Осы орайда басын ашып анықтай түсетін бір мәселе – «хан» сөзі туралы. Бұл жерде әңгіме болып отырған хандық биліктің ертеден қалыптасқан жүйесі жөнінде емес. Бұқара

ұғымына түсінікті, жеңіл болуы үшін осы сөздің сыртқы түрі ғана алынса керек. Қолбасшы-сардар әскери машықтану, ұрыс тәсілдерін үйрету, қалың жасақтың майдан даласындағы барлық іс-қимылдарына тікелей жауапты болса, хан жалпы басшылық жасап, ақылшы ағасы, барлық мәселеде бағыт-бағдар беруші, өмірден түйген тәжірибе-тәлімі мол, ел сыйлаған тұлға, қолбасшы адам болғанға ұқсайды.

Тарихи деректер мен құжаттарда жазылғандай, Торғай қаласын уездің 13 болысынан жиналған сарбаздар 1916 жылғы қазан-қарашада қоршауға алды. Көтерілісшілердің қалың қолының айбарынан сескеніп, зәресі ұшқан Қазан соғыс округінің команданышысы соғыс министрлігіне мынадай мазмұнда жеделхат жолдаған: «Торғай және Ырғыз уезіндегі жағдай өте нашарлады: Торғаймен телеграф байланысы түгілі, барлық байланыс тоқталды... Торғай қоршауда, Ырғыз қоршалуға жақындады...» (Қазақ ССР тарихы, I том, 583-бет, 1957 жыл). Міне, осынау тарихи құжатта келтірілген көтерілісшілердің ерен ерлігінде Қасымхан бастаған сарбаздардың үлесі ерекше болды. Себебі Торғай-Ырғыз бағытындағы телеграф желісі мен барлық байланыс бекеттерін Қасымхан сарбаздары алғашқы күндерден-ақ толық өз бақылауларына алған еді. Жалпы, Тосын болысы ұлт-азаттық қозғалысында тарихи шайқастар өткен өңір ретінде жақсы белгілі. Бостандық бұғауын үзуге ұмтылған сарбаздардың атақты Ақшығанақ шайқасы, оның алдындағы Тоңқайма пошта бекетіндегі ұрыстар Оспан хан Шолақұлы мен Қасымхан Алтынсарының басшылығымен, тікелей араласуларымен жүзеге асты. Бір тарабы Ырғызбен шектесіп, бір қиырымен Торғай қаласына жалғасып жатқан аумақта, сол кезең үшін стратегиялық маңызы зор Тосын болысында Қасымхан жасақтары патша әскерінің бөлімдері мен байланыс қызметін өз бақылауларына алып, іс-қимылсыз қалдырады.

Осы ұрысқа қатысқан сол жылдардағы сарбаздар – Сәбитбек Ысқақұлының, Кәкімжан Сегізбайұлының, Қанзада Қайралапұлының естеліктерінде қол бастаған Қасымханның бабасы, Шақшақ Жәнібек тарханның туын жоғары ұстап, Торғай қаласының батыс шақ шетінен бораған оқтан қаймықпай кіргені жан-жақты айтылған.

Дегенмен Қасымхан Алтынсарының 1916 жылдан кейінгі тағдыры, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы өмірі қуғын-сүргінгетолыболды. АтақтыШеген бидің тұқымы (М.Әуезовтің “Хан Кене” пьесасындағы кейіпкер) Шақшақ Жәнібек тархан ұрпағы, “шынжыр балақ, шұбар төстің” өзі деген желеумен Қасымхан атына да орынсыз айыптаулар оңды-солды айтылып жатты. Азаттық үшін алысқан батырдың бұл кезеңдегі қиын тағдыры қарулас, қанды көйлек досы Кейкі Көкембаевқа өте ұқсас болды. Өз ауылында жеке шаруашылығына басшылық жасап, ағайын-туғандарына, маңайындағы жарлы-жақыбайларға қамқорлық жасап, бас-көз болып жүрген Қасымхан ел арасындағы белсенділердің «Кенес өкіметіне қарсы күреске әзірленуде» деген жаласынан азап шекті. 1920 жылдары Семейге, кейіннен НКВД үштігінің үкімімен інісі Жүніспен бірге Сібірге жер аударылып кете барды. Ең өкініштісі, Қасымхан ұрпақтары үрім-бұтағымен “әпербакан ұрда-жық” солақай саясат салдарынан ұзақ жылдар бойы қудалауға түсіп, қазіргі Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарына, тіпті көршілес Қырғыз Республикасына қоныс аударуға мәжбүр болды.

Халқымыздың “Орнында бар оналар” дегеніндей, қол бастаған Қасымхан Алтынсарыдан қалған екі ұлы Жұмақан мен Ғайыпқан елуінші жылдар ортасындағы “жылымықтан” соң, туған өңірге оралып, соның өзінде де Қостанай, Әуликөл ауданына қоныстанып өмір кешкен. Ұзақ жылдар кеңшарларда адал еңбек етіп, өнегелі ұрпақ өсірген. Солардың бірі – Кеңес Жұмақанұлы Арыстанов ширек ғасырдан астам уақыт бойы республика Ішкі істер министрлігі саласында жауапты басшылық қызметтер атқаруда. Ал Ғайыпқаннан тараған ұл-қыздары Аманкелді ауданы аумағында еңбек етіп, тұрып жатыр.

Арқалы ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғафекең – Ғафу Қайырбековтің “Тарихтың қойып кеткен арбасындай” деп жырлаған көне Торғай қаласының ең көрнекті де басты көшесі Тәуелсіздіктің 10 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс Қасымхан Алтынсары есімімен аталды. Сөйтіп, елі үшін еңбегі сіңген, азаттық жолында алысып азап шегіп, өз өмірін пидә еткен аяулы баба, қол бастаған баһадүрдің бағы қайта жанды. Сексен бес жылдан соң әділдік салтанат құрды.

Бұл орайда Торғай өңірінің арғы-бергі тарихының тамаша білгірі, зерек зерделі Орекен Алматұлы басқаратын аудандық ардагерлер кеңесі төралқасының үлкен ізденісті істер жүргізіп, жоғары тиісті органдарға ұсыныспен шыққанын, Жанкелдин ауданы әкімшілігі мен Торғай селосының әкімдігі бұл тұрғыда түсіністік танытып, жанашырлық, нақты қолдау көрсеткендерін атап өткеніміз жөн.

ТҮЙІН:

Өткен жылғы желтоқсанда онжылдық мерейтойын атап өткен байтақ еліміз Азаттық, Бостандық рухынан қуат алып, төрткүл дүниеге қадір-қасиетін таныта түсуде. Біздің Отанымызда әлемнің дуалы ауыз саясаткерлері, өркениет төріндегі мемлекеттердің басшылары, көрнекті қоғам қайраткерлері жиі-жиі бас қосуда. Мұның бәрі, сайып келгенде, Президент Н.Ә.Назарбаев ұстанып отырған ішкі және сыртқы сындарлы саясатымыздың нақты жемісі екендігі ақиқат. Елбасымыз: «Тәуелсіздік біздің алдымыздан жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан ешқайда бұлтармай, алға баса береміз» деп мәртебелі мерейтой мінберінен әлемге жария еткені мәлім.

Осындайда көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның: «Қазіргі көпшілікке Азаттықтың құны арзан сияқты көрінуі мүмкін. Сондайлар Тәуелсіздіктің жолында нелер болғанын білуі үшін де он алтыншы жылды елдің есіне салып, Үкімет қаулы қабылдағаны жөн болар» деген пікірі де еске түседі екен. (Қараңыз: «Егемен Қазақстан», 31 қаңтар, 1996 жыл).

Тәуелсіздік бастауында, арғы-бергі тарихымызды айтпағанның өзінде, 1916жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, соның ұлы тұлғалары тұрғандығы ақиқат. Ал сол қозғалыстан арада жетпіс жылдан сәл астам уақыт өткен бабалардың бостандық аңсап атқа қонған ұлы ерлігін Алматыда Алаштың өр мінезді ұл-қыздары Желтоқсан көтерілісінде жаңғыртып, жаңа сатыға көтерді. Кеңестік империяның шаңырағын шайқалтып, керегесін күйреткен бұл оқиға туралы да зерттеушілер өз сөзін айтып жатыр.

Ерлік пен елдік қасиетіміздің өзара тығыз бірлігі ұрпаққа – ұран, ұлтымызға ұйытқы бола бермек.

<i>Ғасырлық тойды бірге тамашалайық, құрметті қонақтар мен әсерлестер!</i>			
Амангелді ауданында өтетін ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған іс шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ			
16 қыркүйекте:		14.30	А.Имановтың ерлігіне арналған театрландырылған көрініс/ «Той төбе» ипподромы
14.00	Ақындар айтысы / «Наурыз» алаңы	15.00	Ат бәйгесі: «Топ бәйге» 12 шақырым, «Аламан бәйге» 25 шақырым/ «Той төбе» ипподромы
20.00	Қонақтарға кешкі қонақасы / кафе, ресторан	17.00	Қазақ күресі: «Кіші түйе палуан», «Нар түйе палуан» сайысы/ Орталық стадион
17 қыркүйекте:		17.00	Амангелді ауданы, Арқалық қаласы, Жангелдин ауданы өнерпаздарының тойға шашу концерті/ Мәдениет үйі
09.00	А. Имановтың рухына тағзым етуге арналған митинг/ «Шұғыла» жасөспірімдер мен балалар орталығы, А.Иманов ескерткіші	20:00	Кешкі ас
10.00	А.Иманов мұражайын тамашалау	21:00	Республикаға танылған өнер жұлдыздарының «Жаса Қазақстан» шоу концерті/ Орталық стадион
10.30	Аудандық Мәдениет үйінде көрме тамашалау	23:00	Мерекелік от шашу/Орталық стадион
11.00	Ғылыми конференция жұмысы		
13.00	Қонақтарға мерейтойлық арнайы қонақасы/ Киіз үй қалашығы		

АБЫРОЙЫ АСҚАН, АЛҒА БАСҚАН НЕМЕСЕ БАТЫРЛАР ЕЛІ ҒАСЫРЛЫҚ

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы қозғалыстар - патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы жасалған тарихи ірі оқиғалардың бірі. Өкінішке қарай, 1917 жылдың Ақпан революциясында орнаған Уақытша Үкіметті құлатып, билікке келген большевиктер осы қозғалыстарды өздерінің түпкі мақсатына пайдаланып кетті. Алайда, бұл саясат еліміз Тәуелсіздігін алғанға дейін айтылмай келді. Дұрысы, айтуға рұқсат берілмеді. Кеңестік цензура ақиқатты баян еткен туындыларды жарыққа шығармады. Анығында 1916 жылғы қозғалысқа шыққандар – Кеңес үкіметін орнату үшін емес, азаттық үшін күрескен еді. Мойындауымыз керек, Қазақстандағы қозғалыстардың ішінде көбіне Торғай қозғалысы ерекше мадақталғаны бекер емес. Бұл жөнінде көрнекті журналист-жазушы Шерхан Мұртазаның «Оналтыншы жылғы көтерілістер туралы» айтқаны ащы ақиқат.

Торғай үйезі халқының ел ағалары мен ақсақалдары патшаның 19-31 жас аралығындағы жастарды қара жұмысқа алу туралы Маусым жарлығына қарсы шықты. Олар үйезде құрылтайлар ұйымдастырып, күреспек болды. Үйездегі 13 болыс бойынша екі хан, екі сардар сайлады. Ол хандар - Оспан Шолақұлы мен Әбдіғәпар Жанбосынұлы, ал сардарлар - Қасымхан Алтынсарыұлы мен Амангелді Үдербайұлы еді.

Амангелді Үдербайұлы халық ортасынан шыққан батыр болатын... Ол қозғалысқа «Кеңес үкіметін орнатамын» деп қатысқан жоқ, керісінше, халқымызды азат етеміз деп қатысқан болатын. Кеңестік жүйенің «жеке адамға табынушылық» кезеңінде Амангелді батырмен бірге азаттық майданына бірге кірген Оспан хан Шолақұлы, Әбдіғәпар хан Жанбосынұлы, Қасымхан сардар Алтынсарыұлы мүлде ескерусіз қалды. Тіпті осылардың ішінде Әбдіғәпар ханды жау етіп көрсетті. 1991 жылға дейін оның еліне сіңірген еңбегін айтпақ түгілі, атын атау мүмкін болмады. Әбдіғәпар ханды 1919 жылдың 16 желтоқсаны күні Ә.Жанкелдиннің бұйрығымен, онымен бірге келген Шәмші Қаратаевтің әскері «Зәур» қопасында сотсыз, тергеусіз атып кетті. Сол секілді Оспан хан мен Қасымхан сардардың да халқына жасаған еңбектері айтылмады. Осы үш тұлға Қазақ тарихынан әлі күнге өздерінің лайықты бағасын ала алмай келеді. Мысалы, **Әбдіғәпар ханға Амангелді ауданында не бір мектеп, не бір көше т.б. күні бүгінге дейін берілген жоқ.** Оның атын есте қалдыруға байланысты 2000-шы жылға дейін талай рет ұсыныстар жасадық. Бірақ, ол ұсыныстар сол күйінде қалды. Өткенге өкініш жоқ, енді ең болмаса қозғалыстың 100 жылдығында - оның атын халық жүрегінде қалдыруға бір шара жасалса деген тілек бар. Қуанышқа қарай, торғайлықтар Қасымхан сардарға көше атын берді. Оспан ханның да еңбегін ескеруге қадам жасауда.

Негізі, осы қозғалыста халықтың еңбегі ересен болған. Алайда, кезінде Торғай халқының, яғни бүгінгі Арқалық, Амангелді, Жанкелдин, Науырзым аудандары жұртының еңбегіне дұрыс бағасы берілмеді.

Еліміз Тәуелсіздігін алғаннан бері қарай осыдан 100 жыл бұрынғы Торғай халқының қозғалыстағы ерлігін бағалау басталды. Осы бағытта көптеген қаламгерлер мақалаларын жариялады. Сондай-ақ кітаптар да шығаруда. Солардың бірі – есімі республика жұртшылығына танымал белгілі саясаткер Берік Әбдіғалиұлы биыл құрастырып шығарған «Торғай көтерілісі» атты туынды. Бұл кітапта құнды құжаттар, нақты деректер көптеп жарияланған. Атап айтқанда: Торғай үйезінің бастығы Р.Г.Гарфтың Торғай облысының әскери губернаторы М.М.Эверсманға жолдаған

бірнеше рапорттары, Қазан әскери округінің командирі А.Г.Санецкийдің Орынбор казак әскерилерінің атаманы Тюлинге, Торғай облысы вице-губернаторы С.Н.Обуховтың Қазан әскери округінің командирі А.Г.Санецкийге, Торғай үйезі басшысының көмекшісі Ткаченконың уез бастығына жолдаған рапорты және басқа да толып жатқан құжаттар рет-ретімен басылған. Сонымен қатар, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, С.Қадырбаев, М.Шоқай, К.В.Харлампович секілді қайраткерлер мен белгілі тұлғалардың мақалалары да берілген. Осы құжатты деректер қозғалыстың көптеген белгісіз ақиқатын ашады.

Қазіргі таңда 1916 жылғы қозғалыстарға баға беру бар. Бұл тарапта халқымыздың қазіргі бас тарихшысы Мәмбет Қойгелдиннің және Талас Омарбековтің, Берекет Кәрібаевтың мақалалары республикалық газет-журналдарда жарияланып келеді. Олардың ұстанымдары берік, байламдары сара.

Торғай ұлт-азаттық қозғалысы Шыңғыс ханның ежелгі әскери дәстүрі бойынша жасақталды. Сардарлар және олардың орынбасарлары мен мыңбасылар, жүзбасылар, онбасылар тағайындалды. Билер және елбегілер бекітілді. Ұсталар тобы үздіксіз қару соқты. Олардың арасында қолдан бесатар жасаған Оразбай Аманбайұлы, Сейтен Өтегенұлы секілді аруақты шеберлер болды.

Торғай жері - ежелден елдік пен ерлікті, ұлтқа деген сүйіспеншілікті жоғары ұстаған өңір. Бұл дәстүр кезінде Абылай ханға 3 рет баға берген және оны тұтқыннан жоңғарлар қолынан алып келуге барған қазақтың әйгілі батыры Жәнібек тархан Шақшақұлы бабамыздан басталады. Әрине, оның ар жағында да талай тұлғалар болды. Алайда Шақшақ Жәнібек қазақ халқының тағдыры сыңға түскен Абылай заманында өмір сүрді. Ол - Абылай ханның бас батырларының бірі болды. Қазақ елін өртүрлі шапқыншылықтардан аман алып қалу үшін зор еңбек етті. Сонымен қатар бабамыз көршілес орыс және қытай халықтарымен қазақтардың бейбіт қатар өмір сүруіне де мол үлес қосты. Ол - асқан дипломат болды. Бабамыздың осы дәстүрі Торғай даласындағы кейінгі ұрпақтарға да жалғасты. Сондықтан болар, Торғайдағы 1916 жылғы қозғалыс – Қазақстандағы ірі қозғалыстардың бірі болды. Әрине, Торғай - патша әскерінен шалғайда орналасқан, Жетісу секілді патша генерал губернаторларының иегінің астында болған жоқ. Осы себептен Торғайдағы қозғалыста Жетісудағыдай көп шығын болмағаны рас.

Бүгінгі Торғай елі - ата-баба дәстүрін одан әрі жалғап, Тәуелсіздігіміздің баянды болуына өз үлестерін қосып келеді. Соның бірі - Амангелді батыр атындағы аудан! Торғай ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығын секерусіз қалдырмай, атап өтуге аудан халқы жұдырықтай жұмылды. Бір женнен қол, бір жағадан бас шығарды. Халықтың бұл бастамасын облысымыздың әкімі А.Б.Мұхамбетов қолдады. Аудандағы А.Иманов мемориалдық музейі және балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебін күрделі жөндеуден өткізуге көп көмек жасады. Соның арқасында аталған екі нысан да адам танымастай жаңарды.

Амангелділіктер 100 жылдықты

атап өтуге байланысты ауданның жаңа әкімі Н.Қ.Өтегеновтің басшылығымен бірлік пен ынтымақ танытты. Өңір басшысы әкім болып тағайындалғанда жиналған қаржы стадионды жөндеуге жұмсалып, қорда қаражат болмаған еді. Жұрт «Енді ғасырлық той өтпей қалмас па екен?» деп аландай бастаған болатын. Себебі уақыт болса таяп қалған. Нұржан Қайыржанұлы осыбір сындарлы сәтте өзінің іскерлігі мен парасаттылығын, білімі мен іс-тәжірибесінің молдығын танытты. Кәсіпкерлермен жүздесіп, оларды демеушілікке тартты. Бұл шарадан ауданымыздың белгілі дихан-кәсіпкерлерінің ешқайсысы шет қалмады. Нәтижесінде «Амангелді» қорына 2016 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қаржы құйылды. Алдында сыртта жүрген Е.Сейкенов, М.Айдаболов, Ж.Түбекбаев, Н.Бәйзіров секілді қалталы азаматтар 2 000 000 теңгеден демеушілік жасаса, ауданның өз ішінде жүрген кәсіпкерлер де аянып қалмады. Осының арқасында аудан орталығы аз уақыттың ішінде жаңарып, жайнап тұр. А.Байтұрсынов, М.Мәметова, Ә.Дүйсенбін көшелерінің бойына ұзын тротуарлар тартылды. Жаңа темір шарбақтар қойылды. Село орталығындағы барлық көшелердің қоршаулары сырланып, үйлер ақталды. Тазалық жұмысы қарқынды жүрді. Біраз жолдар жөнделіп, жаңадан асфальттар төселінді. Аудандық әкімдік үйінің алдындағы алаңға гүлдер отырғызылды. Өңірде тәртіп пен жауапкершілік күшейтілді. Бұл істерге аудандық мекеме кәсіпорындардың қызметкерлері мен жеке тұрғындар да белсене атсалысты. Осындай үлкен ұйымдастырушылық жұмыстардың арқасында той өтетін орындар сақадай-сай әзірленді. Бірер айдың ішінде мұндай кең көлемді жұмыстарды жүргізу әрине, оңай емес еді, бірақ, аудан әкімін қолдаған өңір жұртшылығы атқарылатын жұмыстарды сапалы жасай білді.

Ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығы қарсаңында ауданда көптеген іс-шаралар жасалды. Көтеріліс туралы халыққа мол мағлұмат берілді. Атап айтқанда ағайынды Жармағанбетовтер Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен Қостанай облысының 80 жылдығына және Торғай ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығын арнап Түйебалуан күресін және 24 шақырымдық аламан бөйге ұйымдастырды. Түйебалуан күресіне Қазақстанның жер-жерінен есімі елге белгілі балуандар қатысты. Олардың арасында «Қазақстан Барысының» 2014 жылғы жеңімпазы Мұхит Тұрсынов та болды. Астана қаласынан да біраз балуандар келіп, қатысты. Астанада тұратын Амангелді жастарының бір тобы «Өр Торғай – ерлік мекені» экспедициясын құрып, 1916 жылғы қозғалыс болған жерлерді аралады. Ұлытауда, Жыланшықта, Дулығалыда, А.Иманов туған Терісбұтақта болды. Кейкі батыр туған Байтұма жеріне барып, ескерткіш-белгі қойды. Сыртта жасаған олардың бұл ісіне аудан халқы дән риза.

Той - Амангелді селосында 2016 жылдың 16-18 қыркүйегі күндері өтеді. Онда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған ғылыми конференция мен ат бәйгесі, балуандар күресі болады. Ақындыр әйтисы және мерекелік концерт көрсетіледі. Жеңімпаздарды кәделі сый-сияпаттар күтіп тұр.

Әрине, той өтеді, кетеді. Басты



Суреттерде: Амангелді Имановтың Үрпек ауылындағы ескерткіші; аудандық әкімдік үйі және 1916 жылғы қозғалысты ұйымдастырушы Мұхамеджан Бүркітовтің Қызыл үйі (қазіргі «Нұр Отан» филиалы үйі) 15 Социалистік Еңбек Ерлеріне орнатылған Ескерткіш-тақта және Т.Исабеков атындағы орталық стадионның бір көрінісі.

АЙНАЛАЙЫН, АТАМЕКЕН — АМАНКЕЛДІМ! ТОЙДЫ ЛАЙЫҚТЫ ӨТКІЗУГЕ ТАС-ТҮЙІН ӘЗІР



Суреттерде: 1919 жылы А.Иманов жерленген Шахан Алакөліндегі (қазір ол жер Бегімбет Алакөлі аталады) белгі; «Наурыз» алаңы; «Ана мен бала» саябағы және «Шұғыла» жастар орталығы.

Суреттерді түсірген «АА» газетінің фото-тілшісі Өнет ЖҰМАБЕК.

100 жылдығы - бүгінгі ұрпаққа қай жағынан болсын ғибратты болуы керек. Ата-бабаларымыз қозғалысқа тегіннен-тегін шыққан жоқ. Олар ақ патша бодандығында болған халқымыздың Тәуелсіздігі мен Азаттығын алуы үшін күресті. Сол жолға саналы түрде шықты. Ешқандай қорқу, қаймығу болған жоқ. Осыдан да, қозғалыс - жалпыхалықтық сипат алды. Оған бүгінгі ұрпақтың барша ата-бабалары қатысты. Бұл қозғалыстың тарихи маңызын - кеңестік кездегідей бір адамға телуге болмайды. Бұл - халықтық қозғалыс! Бұл - халықтық ерлік!

Қазіргі Қазақстан - 1916 жылғы барлық ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан ата-бабаларымыз аңсаған жаңа тұрпатты Қазақстан! Дамыған еліміздің көріністері - Аманкелді ауданында да аз емес. Жаңадан салынған архитектуралық сән-салтанаты өзгеше бірнеше қабатты орта мектептер мен балабақшалар, демалыс орындары осының айғағы. Құмкешудегі, Үштоғайдағы, Есірдегі жаңа орта мектептердің үйлері сонадайдан көз тартады, көңілге қуаныш, жүрекке жігер ұялатады. Бұларды көріп өскен және соларда оқып, білім алып жатқан жас ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілігі артады.

Бүгінгі Аманкелді ауданы - Торғай өңіріндегі төрт ауданның тең ортасы, хәм кіндігі! Аудан орталығы өте жақсы жерге орналасқан. Іргеден шабын, өзен-көлдері мол, тұщы суға бай. Аудан орталығы 1972 -1980 жылдарда сол кездегі бірінші хатшы, соғыс және еңбек ардагері Сартай Жүнісұлы Омаровтың білікті басшылығымен жасыл желекке оранды. Көктем мен жазда Аманкелді селосы мүлдем жасарып кетеді. Сырттан келген қонақтар аудан орталығының келбетіне қызыға қарайды және олар алған әсерлерін аудан жұртшылығымен бөліседі.

Дана халқымыз «Шөп те - шығатын жеріне шығады» деп бекер айтпаған. Батыр атындағы ауданнан халқымыздың елдігі мен ерлігін, мәдениеті мен әдебиетін, өнерін, ынтымағы мен бірлігін көтерген талай-талай асыл азаматтар шыққан. Басшы да, ғалым да, батыр да, ақын да, әнші де аз емес!

Бүгінгі күні біз 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысқан барлық сарбаздарды - батыр десек, еш артықшылығы жоқ! Солардың ерлігі мен бірлігі - өздерінен кейінгі ұрпаққа ғажайып өнеге болып қалды. Осының нәтижесі болар, 1947 жылы Октябрь революциясының 30 жылдығы қарсаңында ауданнан 14 бірдей

Социалистік Еңбек Ерлері шықты. Бүгінгі ұрпақ олардың еңбектерін құрметтеп, есімдерін елеп, село орталығынан Ескерткіш-тақта орнатты.

Сол сияқты, 1976 жылы ұлт-азаттық қозғалыстың 60 жылдығы қарсаңында алғаш рет техника мамандары арасынан атакты жүргізуші, 1916 жылғы қозғалыстың жүзбасысы Жәкен Тілеулиннің баласы хәм Кейкі батырдың ұрпағы Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин Социалистік Еңбек Ері атанса, қой шаруашылығын дамытудағы тамаша жетістіктері үшін А.Иманов атындағы совхоздың аға шопаны Сейілхан Сыздықов Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Жылқышы Әйтішев, Серік Кінэзов секілді таңдаулы шопандар Ленин орденімен марапатталды. Есет Бейсенов Октябрь Революциясы және Еңбек Қызыл Ту ордендерін, Балға Нұрғожин екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденін иеленді. Осы аталған кісілердің еңбектегі табыстары бүгінгі ұрпаққа үздік тәжірибе мектебі болып отыр. Бұлардың бәрі айтулы еңбек адамдары. Қазір бәрі де ортамызда жүр, ардагер-зейнеткерлер.

Қазір батыр атындағы өңірде мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығы да жақсы дамып келеді. Биыл 105 000 гектар жерге бидай және дәнді-дақылдар егілді. Оның шығымдылығы жаман емес. Жақында өткен агрокеңесте аудан дихандары биылғы мерекелі жылы әр гектардан әзірге 10-11 центнерден астық аламыз деп уәделесті. Бастама жақсы, көңіл қуантады, нақты нәтижені алдағы уақыт көрсететін болады.

Ауданда мәдениет пен өнерді дамыту жылдан-жылға қанатын кең жаюда. Аудан халқы шетінен өнерлі, домбыра, кобыз, баян тартып, ән салмайтын, ою ойып, кесте тікпейтін, ағаштан, темірден түйін түймейтін зергерлер сирек.

Өңір жылдан-жылға өркендеп, ілгерілеп келеді. Мұның барлығы онда тұратын 22 ұлттың бірлігі мен ынтымағының нәтижесі! Өзге 21 ұлт біздің мемлекеттік тілімізді жетік меңгерген. Олардың балалары қазақ мектептеріне барып, біздің ана тілімізде оқиды, сөйлейді, таппақ оқып, ән шырайды.

Аманкелділіктер Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев алға қойып отырған «Мәңгілік Ел» ұстанымын терең сезінуде. Олардың бірлігі берік, ынтымағы күшті.

Ия, Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы қозғалыстар - әлі күнге толық бағасын алды деуден аулақпыз. Коммунистік-кеңестік

түсінік әлі күшін жойып болған жоқ. Соның ең бастысы - бұл қозғалыстар таптық қозғалыстар емес еді, олар аты айтып тұрғанындай ұлт-азаттық қозғалыстар еді! Осы қозғалыстарға тек қана кедей-кепшіктер қатысқан жоқ, барлық топтар қатысты. Бай да, кедей де, орташа да сол қозғалыстың ішінде болды. Мысалы, атакты бай Иманқұлдың Әбдірахманы, өзі болыс бола тұра Майқараудың мыңбасысы болды. Қызмет еткен патша үкіметінен тайсалған жоқ. Ұлттық намыс пен ұлттық ар-ұят алғы шепке шыққанда Әбдірахман атамыз секілді талай болыстар т.б. қолына қару алып, ұлтының азаттығы үшін қан майданға кірді.

Тұтас Торғай халқы хәм Аманкелді ауданының жұртшылығы - ежелден елдік пен ерлік туын биік желбіреткен ел! Бірлігін сақтаған халық! Қазір де сол бірлік Торғай аймағының қайтадан өркендеуіне жол ашуда! Соның бірі - Торғай ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығы! Бұл той - халқымыздың рухын көтеруде, мерейін асыруда. Оны жұрттың бәрі көргісі келеді. Сондықтан да, Аманкелді ауданының халқы тойды барлық жағынан тағлымды әрі ойдағыдай өткізуге күш-жігерді жұмылдыруда. Батырлар елі жемшөптің бір жарым жылдық берік қорын жасады. 135 500 тонна құнарлы шөп ерте орылып, жиналып, майаланып үйіліп қойылды. Бітік егін өсіріп, әзірге әр гектар жерден 10-11 центнерден астық жинауда. Алла қалап, ауарайы жауынды-шашынды болмаса, дихандар егін орағын 16 қыркүйек күні қарсаңында аяқтауға уәде етіп отыр. Төрт түлік саны жылдан-жылға өсіп келеді. Ауданның көркі де құлпырып, әсемдене түсуде.

Қазіргі күні аманкелділіктер ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған тойды өткізуге әзір. Азғантай уақыттың ішінде ерекше атап өтуге тұрарлық көп жұмыстар жасалды. Аудан басшысы жаңада тағайындалсада үлкен тойды өткізуге байланысты істелетін шаруалардың толық орындалуын қамтамасыз ете білді. Бүгінде Аманкелді өңірі қайта түлеп, алға басып, мерейі тасып, абыройы асып тұр. Аудан халқы алыс-жақыннан келетін қонақтарды құшақ жайып қарсы алуға дайын.

Осы мақаланы таяуда жазған «ТІЛЕДІМ - ТІЛЕГІНДІ ТУҒАН АУДАН» (ауданымыздың 80 жылдығында жазылған) деген өлеңіммен аяқтағанды жөн көрдім. Бұл - бір біздің емес, барша аманкелділіктердің де тілегі, - деп қабылданыз, ағайын!

Төсіне - жалықпадым жыр қалаудан,
Бәріне биігіңнің - ту қалаудан!!
Жүрсемде қай қиырда,
Қай қияда -
Тіледім - тілегіңді, туған аудан!!!

Кемеңгер аталардың кесімімен,
Бірінші хатшы Хайрош шешімімен,
Атаңның - 36-да:
Ер сүлейі -
Атамыз Аманкелді есімімен!!!

Арқалап батыр атын содан бері,
Келесін - самғап алға,
Кетпей кері!
Ересен еңбегімен елден ерек -
Өзіңнен шықты 15 Еңбек Ері!!

Кей-кейде не демейді күншіл пенде...
Жақсыға - болған жоқсын есте кенде!
Көсем боп - ел бастаған,
Көл бастаған -
Ұл-қызды шүпірлетіп тудың сен де!

Перзентің - көп бірінен-бірі өтер,
Олардың барлығын да - көкке көтер!
Қайтемің бөле-жарып,
Жіпке тізіп -
Аз емес текті тұлға мақтан етер!

Сондықтан, жансын бағың, Елім! - дедім,
Астығың бітік шықсын, белім! - дедім.
Арнаңа тұршы сыймай, көлім! - дедім,
Оныңнан соқшы, жұпар желім! - дедім.

Түрленіп - түле, туған жерім! - дедім,
Мерейің үстем болсын, ерім! - дедім.
Бір Алла,
Сосын өзін жүрші қолдап:
О, менің батыр бабам - Пірім! - дедім.

Көңілі ел-жұртымның жай болсын! - деп,
Шетінен ыңырысқан бай болсын! - деп.
Тіледім!
Көп тіледім,
Деп тіледім -
Жегені бәрінің де май болсын! - деп.

Сөзіне - ісі әркез сай болсын! - деп,
Бәріңде жұрттың терең ой болсын! - деп.
Тіледім - әрбір аманкелділіктің,
Үйінде -
Таң-тамаша той болсын! - деп.

Көп сенің ақындарың «от шайнаған»,
Жанартау - жүрегінде жыр қайнаған!
Қолымен ұлдарыңның,
Қыздарыңның -
Аймағың ажарланып, гүл жайнаған!!

Әншің де - аз емес-ау, айыр көмей,
Оларды тұрам - қалай, бұлбұл! - демей!
Сыр төккен домбыраның қос шегінен,
Кім дейін балды бармақ - күйші емей?!

Қараймын - қайран қалып келбетіңе,
Тасыған дариядай дәулетіңе!
Бірлікшіл, ынтымақшыл әулетіңе,
Көркейген,
Кемелденген - сәулетіңе!

Бұл - сенің бозбаладай бұла шағың,
Керемет - келер күнінен алашағың!
Жаратқан Жалғыз Құдірет жар болса Өзі -
Ғажайып болмақ алда болашағың!!!

Мен сірә, от алдым ба - мәңгі алаудан,
Ел жүгін - жаңылғам жоқ арқалаудан!
Өрқашан:
АМАНКЕЛДІ атам құсап -
Мәртебең биік болсын, туған аудан!!!



ӘБДІҒАПАР ӘМІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

1919 жылы Торғай өлкесіне коммунистер келеді. Күзде Қостанайдан шыққан қызыл әскер басшылары жолда Батпаққараға соғады. Әбдіғапардың ауылына келеді. қонып қонақасыларын жеп, ертеңіне жүрерде Әбдіғапарға: «Сіз де жүрініз, комиссар шақырады» – дейді. Әбдіғапар бір жамандықтың болатынын сезіп, туған-туыстарымен қоштасып, атқа қонады. Түске таман Зәуре қопасына жеткенде әскер тоқтап: «Ат шалдырып, сусындап алайық» дейді. Түстен кейін ат шаптырып, Амангелдінің ауылынан екі адам алдырады. Түнде Әбдіғапардан ананы-мынаны сұрап жауап алған болады. Таң сәріде, намаз оқып тұрған жерінде, Әбдіғапарды атып өлтіріп, қызыл әскер кетіп отырған..

Бұл - Қазақстан жерінде болшевиктер жүргізген алғашқы террорлық іс еді. Әбдіғапарды 1919 жылы сотсыз, айыпсыз атуды заңсыз еді, Осы сияқты әділетсіз шаруаларын бүркеу үшін болшевиктер 1930 жылы «ҮШТІК» деп аталатын террорлық сот құрып, байды «байсын» деп, кедейді «жаусын» деп қазақтың сауаттыларын, бас көтеріп шынықтық айтатын азаматтарын шетінен ұстап, соттаған болып, ата бастады, Қарлағқа айдады.

1929 жылы Советтердің мұндай қылықтарына шыдамаған ауыл халықтары наразылық білдіріп көтерілді, іштерінде Әбдіғапардың ұрпақтары да бар. «Батпаққара көтерілісі» деп аталатын, осы оқиғаға қатысқан адамдарды жазаға тартты, жай соттап қойған жоқ, біразын атты. Солардың ішінде 1916-1917 жж. ұлт-азаттық көтерілістің белсенділері: Әбдіғапардың інілері Садуақас, Уәлі, балалары Назар, Мағзұм атылды. Қали мен інісі Ғапбас Қарлағқа айдалды Әбдіғапар ауылында бас көтерер бір еркек кіндік қалмады. Аналары, шиеттей балалары: Мәрден, Сапарғали, Қамия, Үмия, Төкеш, Мәлике, Алиакбар, Әжмедден, Зейнол-Қабден (Қабден) Зибәгул Дина, Есенжол қалды. Совет Әкіметі балаларға тиіскен жоқ, Рүстем (Әбдіғапардың екінші ұлы) балаларды жетім балалар үйлерінде орналасуға көмектесті. Әбдіғапардың бұл ұлы Алматыда қызметте болатын. Сол кісінің қамқорлығының арқасында, балалардың бәрі оқырға.

Әбдіғапардың Көртоғай ауылы босап қалды, мұнда басқа жақтан халықтар келіп орналасты, Әбдіғапардың төрт бөлмелі кең қызыл үйі (патша үкіметінің бағалауымен 450 рубль тұратын) мектепке айналды. Бұрын да, бұл үйде осы ауыл балалары оқитын, бастуыш мектебі болатын. Әбдіғапардың адал еңбегінен туған ғимарат, совет дәуірінде де өзінің жақсылық ісін осылай жалғастырды. Көртоғай ауылының шегінде 1917 жылы Доғал соғысында ерлікпен қаза болған жүзбасы, Әбдіғапардың інісі Жағыпар жерленген еді. 1919 жылы Бұл жерде болшевиктер қолынан қаза болған Әбдіғапардың өзі жәй тапты. 1920 жылы, Жамбосын ұрпақтары: аға-інілерін еске алып, құрметтеп бейтінң баынына (12×8 м) күмбез орнатқан болатын. 1930 жылы байларға қарсы басталған науқан кезінде, дәріптеп салынған мешіттер мен күмбездер қиратылды, кірпіштеріне дейін тоналды. Әбдіғапар ханға арналып салынған күмбез де қиратылды. Коммунистердің адамгершілікке жатпайтын істері, қылықтары халықты әбден күйзелтті. 1932-1933 жылдары елде адам баласы көрмеген аштық басталды, елде қалған Әбдіғапардың туыстары аштан өлді. Шынын айтсақ, Торғайда Әбдіғапардың ұрпақтары қалмаған еді. Әбдіғапардың немерелері: Төкеш, Әлиакбар, Әжметден Қабден Алматыға жеткізілген болатын. Қабден (Қалидің баласы) Алматыдағы бірінші (Пугасов көпірі жанындағы) балалар үйіне тапсырылған еді. Бірақ жиі ауыра беретін, сондықтан көбірек Рүстем ағасының үйінде болатын. Қабденнің есінде қалған бір оқиға: «1934 жылы жазда түрмеден босап Ахмет (Байтұрсынұлы) келді. Сол күні үйде біраз бала болатын. Көтез апам мынау бөленшенің баласы, мынау ананың баласы деп әкесіне түсіндіріп жатты, маған кезек келгенде, құшақтап төсіне қысып, басымнан бір рет сипап, «айналайын-ай» деп, бір күрсініп қойды. Балажанды кісі екені көрініп тұр. Өмір бақи қуғын-сүргінде жүріп отау тігіп көрмеген ғой. Бір айдай тұрған соң жеке үйге шықты. Содан кейін ол кісіні мен көрмедім».

1936 жыл. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 20 жылдығы. Көтерілістің басталуы, тұр-сипатын бағалау, басшылары кім, батырларын айқындау сияқты мәселелер күн тәртібінде тұрды. Коммунистік идеологияға байланысты көтерілістің басшысы кедей болу керек еді. Шынында, көтерілістің қолбасшысы Әбдіғапар бай болмағанымен кедей табынан емес еді. Демек оны басшы болды деп атауға болмайды, ал оның көмекшісі Амангелді «тақыр кедей» болмағанымен, байлар тобына жатпайтын, азда болса, партия қатарында болды, сөзсіз батыл да, батыр адам ұлт-азаттық көтерілістің көсемі деуге болады. Әбдіғапар туралы сөз көтермей, үндемей тарихтан сызылуы керек! Коммунистік партия осылай шешті, саяси ұйымдарға, идеологияда көркем-әдебиет баспаларына, осындай тапсырма берілді, жария етілді. 1936 жылы барлық орталық, облыстық газеттерде, бүкіл Торғай көтерілісіндегі бастамаларының бәрін бір-ақ адам орындады деген сияқты мақалалар оңдап, жүздеп шығып жатты. Сөйтіп қазақ халқында да: Чапаев, Пархоменко сияқты өзінің жеке батыры шықты.

Рүстем Әбдіғапарұлы 18 жасында Торғай өлкесіндегі 16 жылғы көтерілістің басынан аяғына дейін қатысып, кейін Совет өкіметін

орнатуға белсене атсалысқан азамат. Тарихтың бұрмалауына қарсы шықты. Нағыз коммунист ретінде ұлт-азаттық көтерілістің тарихын өз қолымен жазып, құзырлы орындарға ұсынды. Рүстем мен Сабыр Сарбасұлы екеуі қолжазба тарихтарын арыздарымен бірге Мирзоян жолдасқа табыс етеді. Бұл арыздарынан ешнәрсе де өнбейді, жасанды тарихтың дөңгелегі сол айналған күйінде айнала береді. 1937жылы Әбдіғапардың ұлы Рүстемді, інісі Хамитті ҮШТІК атқызды

Әбдіғапар ұрпағынан тірі қалғандар: Қарлағқа айдалған ұлы Қали мен немерелері еді. Жас балалар да өсіп азамат бола бастады, ал Совет өкіметінің саясаты өзгермеді, тоталитарлық жүйенің шарпуы жас ұрпақтарға да жетті.

1934 жылы Алматы қаласында тұңғыш Қазақ Мемлекеттік университеті ашылды, физика-математика факультетінің алғашқы түлектерінің бірі болып Әбдіғапардың немересі Төкеш қабылданды. Студент тегіне тартып өте жақсы оқыды. Үкімет дарынды жасты құрметтеп «Озат оқушы» деген медальмен марапаттады, университеттегі комсомол ұйымының хатшысы болып тағайындалды. Не керек? Төкеш қоғамда ардақты адам болды, өмірде де, өзінің жайдарлы мінезімен, тартымды еді. Бірақ бұл тыныштық ұзаққа созылмады. Төбеден найзағайдай түскен «домалақ арыз» Төкештің өмірін киып жіберді: Күн, түн демей НКВД жауап алды. Сен қайдасың? Атаң Әбдіғапардың хан болғаны рас па? Ағаларын не үшін атылды? Сен неге тегінді жасырдың? – деген сияқты сұрақтар. Университетегі жастар «Ойбай, өз ішімізде де «Халық жауы» бар екен және ол комсомол ішінде екен! Комсомолды тазарту керек! Комсомолдан шығару керек! Оқудан қуу керек!» – деген сияқты науқаншылық ұйымдастырылды, күнде шулаған комсомол жиналыстары!

Төкеш Жанбосынтегін соттай алмады (шынына келсек, себеп жوق еді) және Советтер: «Әкесі үшін, баласын күйдіруге болмайды» – деген заң шығарып қойған еді. Төкеш Әбдіғапардың баласы емес, тек немересі еді! Бірақ «жөні» кеткен заман ғой! НКВД-ның тырнағына іліккен адам аман шықпайтын. Төкеш университеттен қуылды, «Жер аударылып» Алматы облысындағы Кеген ауданына жіберілді.

Төкеш мойымады, аудан көлемінде де қызметті адал, пәрменді істеді еңбегі бағаланды, Оқу бөлімінің бастығы, кейін облыс әкімшілігіне ауысты. Соғыс жылдары сырттай оқып, университетті аяқтап, 60 жылдары физикадан кандидаттық диссертация қорғады. Өттен, қымбатты уақыт өтіп жатты. Кешіксе де, ғылым жолына оралды: пединститутқа жұмысқа қабылданды, теориялық физика кафедрасының меңгерушісі болды.

1935 жылы Қарлағтан босанып, Әбдіғапардың ұлы Қали келді.

Үкімет оған Меркеде тұруға рұқсат етті. Қали, Алматыдағы жетім балалар үйіндегі, ұлы Қабденді, Жанакорған қаласында күнкөріспен жүрген әйелін тауып алды. Сонда ғана, қыздары Зибәгул мен Динаның 32 жылы аштан өлгенін естіді. Қали Қазақстанда ұзақ тұрмады. 1939 жылы Ресейге көшіп кетті, сүйтіп, «пышпыш» әңгімеден құтылды. «Ресейде оған: «сен кімсің? Қайдан келдің?» деп сұрамайтын, шахтаға жұмысқа орналастырды, баспана берді. 1943 жылы майданға аттанды. Жасы келген Қали әскерге алынбауы керек еді, онда да бір тәртіпсіздік болған болу керек, соғысқа жіберілді ғой! Баласы Қабден де ер жетіп қалған еді, үй ішін асырау үшін, оқуды тастап, соғыс біткенше шахтыда слесарь, электро-слесарь болып жұмыс істеді. Қали соғыстан мүгедек болып оралды, 1947 жылы отбасымен Қазақстанның Талғар ауданына көшіп келді. Қолхөзға жұмысшы болып орналасты, ұлы Қабден Талғар қазақ орта мектебіне түсті, интернат қабырғасында жүріп күн-түн демей оқыды, соғыс жылдары өткен 4 жылдық үзілістің орнын толтыру керек еді.

«Құдай бергенде» мектепте, университеттен «ұлтшыл» деп қуылған, бірақ өте білімді мұғалімдер сабақ берді. Солардың арқасында Қабден мектепті алтын алқамен бітірді. Сөйтіп, Қабден алғашқы – таза алтыннан жасалған медальға ие болды. Сол жылы медаль алған талапкер кез келген оқуға емтихансыз түсе алатын еді. Қабекеннің арманы Ленинградтағы Репин атындағы Сурет Академиясына түсу еді. Оған түсу үшін алдын ала суреттен емтихан тапсыру керек екен. Қабден бұдан да өтті. Енді Орталықтағы оқуға бару үшін, ережеде жазылмаған тағы бір, бір де болса, негізгі белес – Орталық Комитеттің «елеуішінен» өту керек екен. Осы өткенден өте алмады, лауазымды жолдас: «Саған Орталықта оқуға болмайды. Осы Алматыдағы техникалық жоғарғы оқуға түсуге болады» – деді.

Қабекен Төкеш ағасына барып шағымданып еді ол кісі айтты: «Бұл коммунистердің баығы «хан тұқымы» деп жасап жатқан зорлықтары, надандықтары, әйтпесе, саған оның не қатынасы бар, сен Отан соғысы ардагерінің баласысың ғой, жарайды, сен «тоң мойын» мырзаларға ренжіме, үй жағдайына да қара, өзіміздің университетке, физика факультетіне түс» деді.

Ол кезде физикаға түсемін деп армандаушылардың саны бір орынға 10 адамнан келетін. Қабден емтихансыз өтті. Осы мамандыққа өткен 30 баланың – 15-і мектепті алтын, күміс алқаға бітіргендер еді. Жастар жақсы оқыды. 15-і өте жақсы оқыды. Тек бір «әттеген-

айы» бар еді, осы дәрежелі оқуға түскендердің тек төрттен бірі ғана қазақ жастары болатын.

Қабден жақсы, өте жақсы оқыды, бұл оған, қосымша 18-ші мектепте лаборант, мұғалім болып істеуге мүмкіндік берді. Мүгедек әкесіне, өзінен кейінгі інілеріне, қарындасына көмектесу керек еді. Еңбеккор жас, суреттер жасап та ақша табатын. Не керек ол ақшадан кемдік көрмеді. театрларға баруына да еркіндік болды. Театрға, әсіресе опера театрына жиі баруына себеп – апасы Рахима, театрдың әншісі – 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілістің кеменгері, 1930 зобалаң жылы, ҮШТІК-тің үкімімен атылған – Садуақас Жанбосынұлының қызы болатын. Рахима театрда аналардың рөлін ойнайтын. Рахима апайдың, композитор Мұхаметжановтың «Елім-ай» араториясында орындалатын «Елім-ай» әуенімен Қазақстан Радиосының алтын қорына енді.

Қабден ІІІ курстан бастап ғылыми жұмыспен шұғылдана бастады. Қолының шеберлігі оған көп көмектесті. Ол электрониканы, радио-техниканы меңгерумен қатар, шыны қорытып пісіруді үйренді. Нәтижесінде, Қазақстанда тұңғыш вакуумдық қондырғы жасап шығарды. Оның көмегімен иненің көзіндей көлемдегі газды өлшеуге мүмкіндік алды. Дипломдық жұмысында Қабден Әлем кеністігінен түсетін кейбір метеориттердің «жасын» радиоактивтік тәсілмен табуға кірісті. Бұл күрделі жұмысты ол шеберлікпен орындады, ғылыми жаңалық ашты. Метеориттер бойында «артық гелий» газының болатынын көрсетті. Бұл – ғылыми жаңалық еді. Сенбеген ғалымдар, Қабекен жүргізген зертжібені Москвада, Академияда қайталап зерттеп, растап шықты, оған қоса бұл жай гелий емес, гелийдің әлемде сирек кездесетін изотопы Не-3 екені айкындалды. Кейін, Қабденнің бұл еңбегі, Америкада шығатын (Ранкаманың) «Ядролық геология» атты кітабына енді. Ғалымдардың дүрлігуіне бір себеп бар еді: Гелий-3, келешекте термоядролық отын ретінде қолданылатын изотоп болатын. Тек, әзірге оны «жағатын» реактор жоқ. Дегенмен де келешекте оның жасалатыны анық. Қабден осы жаңалығы үшін, комсомолға мүше болмаса да, Қазақстан комсомолының «мақтау қағазын» алды.

1953 жылы Қабден, университетті ойдағыдай бітіріп, кафедраның шешімі бойынша, аспирантурада қалдырылды. Дәл осы тұста: «Ол хан тұқымын, аспирантураға алуға болмайды» – деген «сасық әңгіме» шыға келді.

Қабекен үкіметке де, үкіметті билеушілерге ренжіді: «Я ухожу, не хочу больше слушать глупости» депті де, Талғар түбіндегі ауылы «Қызыл Қайратқа» кетіпті. Жаз бойы еңбек етіп, өз қолымен әке-шешесіне төрт бөлмелі үй салып беріпті. 1953 жылы күзде: «Сіз, аспирантураға қабылдандыңыз» деген хат келіпті.

Қабден екі жылда аспирантураны бітіреді. Академик Байқоңыровтың шақыруымен политехникалық институтқа доцент болып орналасады. Атомдық физикадан, атом салмағын өлшейтін лаборатория, ядролық физикадан, жер қабатыарының геологиялық жасын анықтайтын лабораториялар ұйымдастырып іске қосқан. Бұл Қазақстан жерінде ұйымдасқан күрделі зертханалар еді.

1962 жылы Жоғарғы Оқу министрі Біләлов жолдастың бұйрығы бойынша, Тараз қаласында жаңа ұйымдастырылған пединституттың проректоры болып тағайындалады. Үш жыл ішінде инситутты «аяғынан тұрғызып» бірнеше лабораториялар ұйымдастырып, тиісті құралдар мен жабдықтаған, көбін өз қолымен жасап іске қосқан. Баығы адал еңбек: Қазақ отанын шексіз сүю. Ғылыми жұмыс уақытша доғарылғанымен сабақ беру тәсілдерін үйрету. Физикадан қазақша оқулық жазу, оқушыларға өте қиын түсетін физика есептерін шығару тәсілдері бойынша оқу кітаптарын жазу. Бұған себеп болған оқиға дейді Қабекен: «Облыс бойынша физика мұғалімдеріне арнап жүргізілген тексеріс болды. Облыс бойынша жазғы дайындық оқуына келген 100 шақты адам болатын, соларға арнап физикадан мектеп көлемінде емтихан жүргізгенде, тек үш-ақ адам дұрыс жауап берген. Ауыз-екі сұрастырсақ: «мектеп қабырғасында онша есеп шығармаймыз, себебі шығарса алмаймыз» деген жауап алдық. Ең болмаса дайын, шығарылған есептерді пайдалансын деп, үш жыл уақытымды кетіріп «Физика есептерін шығарудың тәсілдері» атты арнайы екі кітап жаздым. Басып шығару, ол өз алдына бір жыр, бұл жерде оны айтпай-ақ қояйын» деді Қабден аға.

...Коммунист төрелермен «қызықты» кездесулер соңғы рет 1970-71 жылдары болды. Қабден өзінің, ата-бабаларының тарихын, Совет өкіметінің көзқарасын жақсы білетін, сондықтан да партия қатарына өтейін деп ұмтылмаған. Әрине, өмірінде партия қызметкерлерімен жиі кездесіп тұрған. Соңғы кездесулерінің бірінде, 1970 жылы Жамбыл қаласына Мәскеуден күрделі операциядан кейін Илияс Омаров келген. Білікөл тұсында, Қаратаудың қойнауында кизі үй тігіліп, «ем болсын» деп түйе сүтін ішіп көрген. Ілекенді Алматыдан жақсы білетінімін. «Бір жексенбі күні сәлем беруге барсам» – дейді Қабекен, Ғабит Мүсрепов, оның жас келіншегі – Рая балаларымен, Сәлімгерей Тоқтамысов, обкомның хатшысы Бименде Садуақасов төртеуі преферанс ойнап отыр екен. Сәлімгерей ойыншыны бар: «Ол, хан тұқымы келіп қалыпты» – деді. «Қабден, сенің атанды жамандап кино шығарған Ғабит деген жазушы ағаң алдында

тұр»,- деді. Ғабит маған қарап: «Заман сондай болды ғой. Сен, Сәлімгерей мәселені қоздырма, «Амангелді» пьесасын партияның тапсыруы бойынша, негізінен Майлин жазды, мен матери-ал жинаушы болдым, ол – бір. Екіншіден, пьесада Әбдіғапардың аты жоқ. Біз ол кісіге тиіскен жоқпыз» деп әңгімені қысқартты. Ертеңіне Ғабит Дели қаласына ұшып кетті.

Партия төрелерімен тағы бір шүйіркелесу келесі жылы күзде болды. Мені 1962 жылы Пединститутқа бастық етіп жібергенде министр партияда бар-жоғымды сұрамаған еді. Осы заңды шығар деп ойлаған едім. Жылдар өтіп жатты, мен институттың шаруасын бір өзім атқарып жүрдім, себебі ректор болған азамат бұрын-соңды институтқа істеп көрмегенжан болатын...71-ші жылы, белгісіз бір істерге шатасып, асылып өлді. Мен уақытша - Ректордың қызметін атқардым. Осы тұста мен де ойламаған іске тап болдым. Біздің студенттер, басқа оқушылар сияқты, аудандарға шығып, қызылша теруге барды... Бір айдай жұмыс істеп қайтты, сонда жолда бір машина төңкеріліп, үстінде отырған екі студентіміз қаза болды. Осы мәселе Обкомда қаралып, институттың секретары, уақытша ректор қызметін атқарып жүрген Қабден Әбдіғапаровқа сөгіс берілді, жай сөгіс емес «партия документіне» жазылатын сөгіс берілді. Осы жерде қызық әңгіме өрбіді: обкомда оқу мәселесімен шұғылданатын, Вязовой жолдас Қабденнің коммунистік құжаттарын таба алмайды, өздері әбден састы. Ақыры, Әбдіғапаров Қабден партияда болмағандықтан, басқару жұмысынан шығарылсын деген тұжырымға келген.

Арпалысқан жұмыстан қолы босап, жазу жұмысына қолы жетті. Өмір бойы ата-сы Әбдіғалар туралы жинаған мұрағаттық құжаттарды, естеліктерді тәртіпке келтіріп кітап етіп басуға дайындады. Өзі өмір бойы аң-таң болып жүретін: Ресей құжаттарында Әбдіғапарды империяның жауы деп, көзін жою үшін арнайы әскер топтары жіберілді.

Әбдіғапарды тарихқа енгізбеді, сөгіп жамандамады да, осылай 70 жыл уақыт өтті. Әбдіғапар өмірінің шындығы айтыла бастады. Торғай қазақтарының көтерілісі туралы, қысқа болса да, тұжырымды, құнды деректерді 1992 жылы «Жұлдыз» журналы жазды. Осыдан кейін облыстық «Торғай таңы» газеті мен республикалық «Халық кеңесі» газетінің редакциялары көп еңбек етті. «Халық кеңесі» (редакторы Жұмабек Кенжанлин) басып, шығарған материалдар негізінде М.Сүлейменов «Әбдіғапар хан» атты кітап жазып шығарды. Барлық материалды Қабекен өзі тексеріп математикалық дәлдікпен сұрыптап отырды. Тарихшылардың да еңбектері зор болды.

1995 жылы немерелері Әбдіғапардың туғанына 125 жыл толуына орай ас берді. Халық та сүйікті ұлын сағынып қалған екен, бұл асты ел тойға айналдырды. Асқа басқа ауданның азаматтары да келді. Ауыл-ауылдардан әкелініп, ақ отаулар тігілді. Той, 1916 жылы көтерілістің бас ауданы болған, Қара-Торғай елді мекенінде өтті. Тойға тән дәстүрлі ат жарысы, ақындар айтысы да болды. Қазақстанның халық ақыны Әбілов Қонысбай, мырза хан тойына арнау жырын айты, кейін белгілі айтыс ақындары Б.Бекетов пен Ә.Орманшина бар жыр сайысын ұйымдастырды. Тойға келген алматылықтар да қарап қалмады: Елін, жерін сағынып (65 жылдан кейін) келген, Қазақстанға еңбегі сіңген, артист Рахима Садуақасқызы 75 жасына қарамай, сахнаға шығып атақты «Елім-айды» тебіреніп жырлағанда, жиналған жұрт сілтідей тынып, көздеріне жас алды. Ең соңында композитор Қалибектің «Әбдіғапар-әмір» әні шырқалып, Хамитбек ақын жазған мынадай сөздермен аяқталды:

**Асыл атам менің.
Еңбегінді сенің,
Ардақтайды бүгін
Қалың қазақ елі!**

Той (енді солай деп атау керек шығар) Әуелі Арқалық қаласындағы мәдениет үйінде ғылыми-ағарту конференциясында академик Тұрсынбек Кәкішевтің баяндамасымен басталды, аяғында жазушы Сәбит Досанұлы сөзін Әбдіғапар атасының аруағымен тілдесуге арнады. «Өйткені, ондай ерлердің рухы өлмейді» - деді ол.

Жаңа жазылған Қазақстан тарихында (2002ж), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы ретінде Әбдіғапардың аты алдыңғы қатарда тұр. Халқымыз, Әбдіғапар армандаған егемендікке қол жеткізді. Халқымызды жүздеген жылдар қанаған патша үкіметі құлады, орнын басқан тоталитарлық жүйе де құрлымға кетті. Халқымыз емін-еркін дем алып өмір сүруіне толық мүмкіндік алды. Атамыздың ақ тілегін ұрпақтары жоғары ұстап, жалғастыруда.

Адал еңбек ету, халқын сүю, халқы үшін еңбек ету!


Әбдіғапар әмір, аруағыңның алдында бас иеміз!
Уәлі ата, Сіздің сүйегіңіз қайда шашылып жатыр?

Садуақас аға, Сіздің сүйегіңіз қайда қалды?
Рүстем аға! Хамит аға! Сізге де бір уыс топырақ бұйырмады ғой!

Назар аға, Сіздің сүйегіңіз қай далада қалды?
Мағзұм аға, Сіздің мәйітіңіз Қостанайдың қай сайында қалды?

Аруақтарыңды құрметтейміз ағалар, Әбдіғапар ұрпақтары: Рүстем, Мәди, Данияр, Мәжит, Дастан, Мағзұм, Мәлік, Міркей, Бахтияр, Нияз, Дархан.

АМАНКЕЛДІ БАТЫР ҰРПАҚТАРЫНЫҢ БІР ТОБЫ

Рамазан Аманкелдиев,
батырдың үлкен ұлы, жазушыШәріп батыр Иманов
соғыстағы жас кезіШәріп батырдың
үлкейген кезіБақыт Иманов,
жазушы, шөбере інісіБатырлан Рамазанұлы,
А.Имановтың немересі

А.Имановтың баласы Рахымқұл Есентаев зайыбымен



Сұлтан және Рахымқұл Есентаевтың ұрпақтары



Кенесары ханның бас батырларының бірі - Иман Дулатұлынан Балық (1820-1903), Үдербай (1828-1879) туады. Үдербайдан - Бектепберген (1870-1921), Аманкелді (1873-1919), Амантай (1876-1931) атты үш бала туады.

Үдербай қайтыс болған соң оның әйелі Қалампырға Балық үйленіп, одан Есентай, (1884-1933) туады. Есентай аз ғұмыр жасаса да елге белгілі азамат болады. Амангелді қайтыс болған соң ол жеңгесі Балымға үйленеді. Одан Рақым және Рақымқұл атты екі бала туады.

Ал Аманкелдіден Рамазан (1911-1941), Шәріп (1914-2000) туған. Рамазан жазушы болған. Ол 30 жасында ерлікпен қаза тапқан. Шәріп ағамыз батыр болған. Ол да Бауыржан Момышұлы секілді сан рет ерлік (батырлығы Баукеңмен пара-пар) көрсеткен. Бірақ ол туралы әлі тарихи туынды жазылған жоқ. Рамазаннан 1939 жылы Батырлан ағамыз туған. Ол кісі белгілі ғалым. Қазір Алматы қаласында тұрады. Батырлан аға «Аманкелді» атты кітап жазып, 2015 жылы жарыққа шығарды. Бұл кітапта батыр бабамыздың өміріне қатысты тың деректер мен жаңа пайымдаулар мол.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

Гүлбану СӘРСЕКЕЙ - Торғай қаласындағы музейлер кешенінің директоры



Қазақ қоғамында ұлттық рухты оятып, үлкен саяси дүрбелең тудырған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдық мерейтойы құрметіне осы атаулы жылға орай Торғай мұражайлар кешенінде бірнеше мәдени іс-шаралар өткізілді.

Атап айтсақ: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай зерттеу-іздістелу жұмыстары жүргізіліп, көтеріліске қатысушылар туралы деректер жинастырылды. Сондай-ақ шайқас өткен жерлерге (Татыр, Торғай, Ақшығанақ, Тонқайма, Тосын шайқастары, партизан сайы, т.б.) экспедиция ұйымдастырылды. Экспедицияға көршілес Арқалық қаласының гимназия ұстаздары мен оқушылары қатысты. Аудан орталығындағы орта мектептердің тарихшылары мен географтары арасында «Көтерілістің тарихи маңызы» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарда ұстаздар қауымы баяндама оқыды. Ш.Уалиханов орта мектебінің ғылыми жобамен айналысатын мектеп оқушылары арасында «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың

басталуы, сипаты, барысы және нәтижесі» тақырыбында ғылыми жұмыстар жобасы өткізілді. «Ұлт-азаттық көтерілістің жетекшілері» тақырыбында жастарға лекция оқылып, Ә.Жангелдин мұражайындағы 1916 жылғы көтеріліс залына тақырыптық экскурсия жасалды. «Тарихтағы тұлға» - тақырыбында мектептердің ғылыми жұмыспен айналысатын жоғарғы сынып оқушыларының көтерілістің 100 жылдығына орай тарихи зерттеу жұмыстары бойынша конкурс өткізілді. Шілде айында Б.Алтынсарин мұражайында тарихшы Берік Әбдіғалиұлының ұйымдастыруымен республикалық, облыстық телеарналар журналистерінің қатысуымен пресс-конференция өткізілді, мұражай қорына «Торғай көтерілісі 1916-1917 жылдар» атты кітабын сыйға тартты. «Қазақстан-Қостанай» телеарнасына «АМАНАТ» тарихи-танымдық теле-триптих бағдарламасына мұражай кешенінің ұйымдастыруымен аудан мектептерінің тарих пәнінің ұстаздары, мұражай ғылыми



қызметкерлерінің қатысуымен қозғалыстың басталуы жайлы, қозғалыстың негізгі ошақтарының бірі болған, қоян-қолтық шайқастар орын алған алқаптар туралы, көтеріліс сарбаздары, мыңбасылары, айтылмаған есімдер, ерлердің ерлігі туралы баяндалған түсірілім өтті.

«Қазақстан-Қостанай» телеарнасына мұражай директоры Гүлбану Сәрсекей, «Тур-де Хавар» телеарнасына бас қор сақтаушысы Лаззат Ерғасова, «Тұран ТВ» арнасына ғылыми қызметкер Альбина Аубакирова сұхбат берді. Республикалық, облыстық, аудандық газеттерге мақалалар беріліп тұрады.

Үш жыл бойы өткізілген іс-шараларды қортындылай келе қараша айында «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс себептері және басталуы» тақырыбында аймақтық конференция өткізу жоспарлануда. Жыл сайын мұражай қызметкерлері облыс, аудан әкімінің және облыстық мәдениет басқармасының грамотасымен мара-

патталуда. Торғай мұражай кешенінің қызметкерлері республикалық, облыстық, аумақтық конференциялар мен семинарларда мінбеге көтеріліп, баяндамалар жасап, халықаралық конференцияларға да, сайыстарға да қатысуда.

Торғай мұражайлар кешенінің қорында ұлт-азаттық көтеріске байланысты барлық жәдігерлер мен құжаттар, фотоматериалдар саны - 203. Оның ішінде жәдігер саны -33, құжат, фото саны - 170. Қордағы құнды жәдігерлер мен фото, құжаттарды биылғы 100 жылдық мерей той құрметіне орай қызметкерлер халыққа, көрермендерге лекция, көрме жұмыстары арқылы насихаттауда. Мұражай қорындағы құнды тарихи материалдар: ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы Амангелді Имановтың өмірбаяны, оқыған медресе, әскери комиссариат үйінің, ұлт-азаттық көтеріліске қатысушы сарбаздардың, мыңбасылардың, ұсталардың фотосуреттері,



көтерілісшілерге киім тіккен тігіншілердің, аспаздардың, қазақ солдаттарының фотосуреттері, Ыбырай Атамбековке Сталиннен келген телеграмма, А.Имановтың Қызыл армияны ұйымдастыру үшін 10 000 сом ақша алғандығы туралы қолхаты, естеліктер, газет беттеріне шыққан мақалалар. Сондай-ақ Шақшақ Жәнібек мұражайының экспозициясынан орын алған көтерілісте қолданған қару - қылыш Қалам-Қарасу ауылынан табылған. 1993 жылы аудан әкімінің орынбасары Қабсабыр Бейсенбаев мұражай қорына тапсырады. Осындай құнды жәдігердің бірі 2015 жылдың күзінде Торғай селосының тұрғыны жол мекемесінің жұмыскері Ержан Айтжанов Торғай-Арқалық жол трассасында қазу жұмыстары жүргізілген уақытта Татыр шайқасы болған жерден пулеметтың (оқ бұршақ) ленталы оғын тауып, мұражайға тапсырды. Бұл да болса 100 жыл өткеннен кейін табылған құнды жәдігер болды.

Суреттерде: Тархан Шақшақ Жәнібек Қошқарұлының тарихи мұражайы; Ахан - Жаханның әдеби мұражайы және Гүлбану Сәрсекей.

АМАНКЕЛДІ АУДАНЫН ӘР ЖЫЛДАРДА БАСҚАРҒАН БІРІНШІ БАСШЫЛАР



Сәлімгерей Тоқтамысов



Түсіпхан Бодамбаев



Оразалы Қозыбаев



Сартай Омаров



Торсан Нұрмұхамбедов



Амангелді Садырбеков



Жақсылық Алпысбаев



Орал Мұхамеджанов



Жақсылық қажы Ғайсин



Сабыржан Ахметов



Болат Нақанов



Жомарт Түбекбаев



Сағидолла Әбжанов



Жансұлтан Таукенов



Нұржан Өтегенов

Құрметті оқырман! Ауданымызды әр жылдарда бірінші басшы болып басқарған азаматтардың толық суретін жариялаудың мүмкіндігі болмады. Іздестіру жұмыстарын жүргізіп көрдік. Бірақ ол қадамымыз нәтиже бермеді. Мысалы, ауданымызды бертінде басқарған Ерғали Жәуіковтің, Абылайхан Жолмұхамедовтің, Қайырбай Есболовтардың суреттерінің өзі болмады. Ал олардың ар жағындағы Мұхаметқали Досаевтың, Хайрош Измаиловтың және аупарткомның басқа да бірінші хатшысы болған азаматтардың суретін табу тіптен қиын болды.

Қадап айтар бір шындық - ауданымызды басқарған қай азамат болмасын өзінің білімі мен білігіне, тәжірибесі мен қабілетінің деңгейіне қарай артында із қалдырды. Қай-қайсысы да Аманкелді ауданын өркендету үшін қолынан келген жақсылығын аянып қалмады деп білеміз. Алайда, адамның қабілетімен қатар уақыттың да өз әсері болады.

Ауданымызды басқарған азаматтар арасынан суырылып шығып, облыс басқарған немесе республикалық мекеме басқарған қайраткерлер болды. Атап айтсақ: Сәлімгерей Тоқтамысов - Аманкелді ауданында екі мәрте қызмет істеді. Алғашында ол аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды, кейін соғыс жылдарында аупарткомның бірінші хатшысы болды. Ұлы Жеңіс тойын 1945 жылы 9 мамырда Мырза ишанның «Қараойы» (қазіргі Ә.Боранбаев орта мектебі) орналасқан үлкен аумақ) деген жерде өзі басқарып тойлатқан. Оның осы ісін аманкелділіктер әлі күнге жыр қылып айтады. Той өткен аумақта жерошақтардың ізі әлі бар. С.Тоқтамысов Жамбыл, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Қазақ ССР Кәсіподақтары Кеңесінің Төрағасы қызметін абыроймен атқарды.

Ауданымызды өркендетуде Оразалы Қозыбаевтың, Қайырбай Есболовтың еңбектері зор болды. Оны жұрт жақсы біледі.

Келесі бірінші хатшы Сартай Жүнісұлы Омаров ауданымызды табаны күректей 10 жыл (1972-1982) басқарды. Бұл кісінің кезінде ауданда көгалдандыру жұмысы кең көлемде жүргізілді. Аманкелді Имановтың 100 жылдығы (1973 3 сәуір) жоғары деңгейде атап өтілді. Құрылтай өткен және 1916 жылғы қозғалысты ұйымдастырған Мұхамеджан Бүркітовтің Қызыл Үйі Аманкелдіге көшіріліп әкелінді. Ол қазіргі «Нұр Отан» партиясы филиалының үйі. Сонымен қатар, Құмкешуде, Доғалда сарбаздарға арналып ескерткіш белгілер орнатылды. Қазіргі үш қабатты әкімдік үйі, А.Иманов мемориалдық музейі осы 1976 жылы салынып, пайдалануға берілді.

Одан кейінгі бірінші хатшы Торсан Салықұлы Нұрмұхамбедовтің кезінде ауданда төрт түліктен төл алу жоспары алғаш рет орындалып, аудан республикалық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. Мал басын өсіру одан әрі өркендеді.

Аудандық партия комитетінің келесі бірінші хатшысы Амангелді Төлеубайұлы Садырбеков ауданның мәртебесін одан әрі көтеріп, мерейін үстем етті. Оның кезінде аудан төрт түліктен төл алуды жоғары деңгейге жеткізді. Қазақстан Республикасының Ауыспалы Қызыл Туын және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын алғаш рет (1990) жеңіп алып, Бүкілодақтық Социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. Әбекең кейін Торғай облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, облыс әкімінің бірінші орынбасары, ҚР Президенті аппаратында инспектор болды. Қазір де билік басында қызмет жасауда.

Одан кейінгі бірінші хатшы Жақсылық Сейдәзімұлы Алпысбаев 34 жасында (1990 жылы) аупарткомның бірінші хатшысы болып сайланды. Ол аудан азаматтары арасынан шыққан алғашқы бірінші басшы болды және аманкелділіктер Тәуелсіздігімізді осы азаматтың

басшылығы тұсында қарсы алды. Одан кейін ауданымызды 1992 жылдың ақпан айынан бастап 1994 жылдың наурыз айына дейін Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов басқарды. Ол ауданның алғашқы әкімі болып тағайындалды. Оның кезінде 1937-38 жылдарда жазықсыз жазаланған, кейін ақталған азаматтардың аудан тарихына оралуы басталды. Алғаш рет аудандық баспаханада кітап шығару ісі қолға алынды. Екі кітап шықты. 100 үй салынды. Орал Байғонысұлы ауданымыздан 1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Кейін екі рет Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып сайланды.

Нарықтық экономиканың қиын кезінде Жақсылық Ғайсин, Болат Нақанов, Жомарт Түбекбаев, Сағидолла Әбжанов айтарлықтай қызмет атқарды.

Ауданның екінші тынысы - Сабыржан Ахметұлының кезінде ашылды. Ол алғашында 1997-1998 жылдарда әкім болса, 2004-2012 жылдарда екінші рет әкімдік қызмет атқарды. Осы кезде ауданда ерекше атап өтер жұмыстар жасалды. Құмкешуде, Есірде, Үштоғайда осы заманғы сәулет өнері талабына сай орта мектептер салынды. «Шұғыла» кинотеатры жастар орталығы болып қайта күрделі жөндеуден өткізілді. Аудандық мәдениет үйі жаңғыртылып, бірнеше балабақшалар салынды. Осы бастаманы одан кейінгі әкім Жансұлтан Таукенов жақсы жалғастырды.

Ал қазіргі әкім Нұржан Қайыржанұлы Өтегенов болса - ата-бабалар қозғалысының 100 жылдық торқалы тойын атап өту бақытына ие болды. Аз уақыттың ішінде ауданды жаңа қарқынмен ілгерілетті. Бас-аяғы бірер айдың ішінде аудан орталығы құлпыра түсті. Халық - әділ төреші ғой. Содан болар оның тиянақты ісіне аманкелділіктер дән риза! Редакцияға келіп, алғыстарын айтып, жаңа басшыға деген ризашылықтарын газет бетінде жариялауды өтініп жатқан ардагерлер аз емес.

САРБАЗДАР

1

«Оналтыда» Торғайдың жампоздары,
Бірі асқан-бірінен маңғаздары
Ақылдасып –
Қос бірдей хан сайлады:
Оспан,
Әбдіғапардай сырбаздарын!

Хан сайлады осылай заңғарларын,
Сарбаздары – шетінен жанған жалын!
Қос жарлықпен –
Бекітті қос бірдей хан,
Аманкелді,
Қасымхан сардарларын!

Сарбаз жаудың соққысын тең бөлісті,
Халқы үшін оққа ұшып,
Бірге өлісті.
Туған жердің топырағын таптатпасқа,
Басқыншымен жан алып, жан берісті.

Екі жақтан шырқырап оқтар ұшты,
Тиген құлап,
Әп-сәтте ажал құшты.
Жау әскері аязға шыдамады...
Екі дүние иесі - Құдай күшті!

Алаулаған шіркін-ай, таландары,
Сарбаз - тұтас Торғайдың ұландары!
Мұздай темір құрсаңған жендеттерге,
Қарсы атылды даланың қырандары.

Бесатардан бораған атқан оқтай,
Тұрды сарбаз бірауық бетқаратпай.
Патша әскері күтпеген мұндай қылық,
Амалсыздан жалтақтап, қалды тоқтай.

Жырауларша аңыратсақ бұл дастанды,
Жарқылдатты сарбаздар алдаспанды...
Садақтардан жібелер атылғанда,
Жау жағынан біраз жан жер жастанды...

Ел біледі сондағы байтақ сырды,
Сарбаздың да - талайы жан тапсырды.
Жараланған сол жолы Әбжан ақын,
Тура 100 жыл – Үрпекте өмір сүрді.

Аман қалған солдаттар сайға түсті,
Қазақ қолы көрінді сондай сұсты.
Қарауылға сарбаздар ала берді,
Қалт жібермей назардан осы тұсты.

Қорған болды - Доспанның көп аралы,
Тағдыр шіркін, кімді де сынар әлі.
«Өңшен қорқақ екенсің» - деп шатынап,
Қалшылдады патшаның генералы.

Жер тепкілеп, долданып, ақырғанмен,
Шып-пыр болып бекерге аһ ұрғанмен.
Ештеңе де өнбеді,
Есіріктей -
Бурақотан ойнатып құтырғанмен.

Әуелде олар астамсып, кеуде керді,
Көресіні – ақыры содан көрді.
Шабуылы түп-түгел сәтсіз болып,
Қазаққа Алла мұқалмас кайрат берді!

Сарбаздардың – бәрі де өндір ме, еді,
Ортасына - бір жауды ендірмеді.
Зенбірекпен атсада неше мәрте,
Әскеріне жауының жеңдірмеді.

Бір дем - әрі, деген ғой, -
Бері – бір дем,
Талай солдат жер құшып,
Кетті мүрдем.
Туған жердің қопасы,
Сай-саласы –
Ұлдарына өзінің берді жәрдем!

Көмектесті қалың тал,
Нар қамысы...
Өкінішпен дұшпанның жанды іші.
Берді қуат - жүз есе сарбаздарға –
Ер намысы,
Ересен Ел намысы!

Желге ұшырып жасаған жоспар-қамын,
Бейне уға толтырып дастарханын.
Сарбаз біткен Доғалда допша ұшырып,
Дұшпандардың шығарды тас-талқанын.

Ұлы дала неше күн болды сүргін,
Көзің салсаң - ойда үргін,
Қырда да үргін...
Ел есінен ешқашан кете қоймас,
Бұл маңдағы алапат осы қырғын.

Ақшығанақ бойында – сеспей қатты,
Ал Торғайда дөңбектей құлап жатты.
Ал Күйікте – аязға үсіп өлсе,
Ал Татырда - мәйіті қарға багты.

Доғалдағы - сұрапыл кетпейді ойдан,
Сыр шертеді сол шайқас алуан жайдан.
Қазақ Елі көрмеген бұрын-соңды,
Астан-кестен бір жойқын болды майдан.

(Жалғасы 12-бетте)

Әңгіме емес - әшейін қиялдағы,
Өтірікке жол берсек - обалдағы.
Бар соғыстан айрықша тиді ауыр,
Соңғы шайқас Доспан мен Доғалдағы!!!

Үш жүз сарбаз шетінен асыл текті,
Адам төзбес алапат азап шекті.
Ажал құшты талайы,
Алайдағы –
Жаулардың да аямай қанын төкті.

Қазақ қолы - еркіне көнбегесін,
Жеңуіне - мүмкіндік бермегесін.
Бәрі бірдей қырылып өлмегесін,
Қара жердің қойнына енбегесін...

Зенбірекпен солдаттар атқылады,
Адам емес, әуелі ат құлады.
Сіреу мұзы Торғайдың жарылды да,
Жағалауға екі жақ шапқылады.

Сарбаз, солдат - бір-бірін тынбай атып,
Кете барды біразы суға батып.
Өлді көбі жете алмай қос жағаға,
Аязына ақпанның мұз боп қатып.

2

Ақ патша ғой – бәрінің құныкері,
Кім қайтарар - уақытты сірә, кері?
Қаңға бөкті - ышқынып Торғай жері,
Алдырмады алайда - Торғай ері!

Олар - аталарымыз бәріміздің,
Азаттығын - мұрат қып жеріміздің.
Шаһит кешті алысып дұшпандармен,
Бостандығын - алсақ деп Еліміздің!

Олар жайлы ақиқат – жыр маздары,
Олар – мына даланың айбоздары!
Жүр ғой жебеп рухымен бәрімізді,
«Оналтының» от кешкен сарбаздары!

3

Есімізде тұрасың қайран, ерлер,
Еш жақсылық көрмеген ардагерлер.
Болмаса да ешқашан сендердікі -
Баққа бөккен алтын тақ - мына төрлер!

Сезеді ғой, сезеді ақын ішпен,
Кеттің көбін аһ ұрып, өкінішпен...
Ұрпағың да болмады,
Ең болмаса –
Еске алатын сендерді сағынышпен!

Талай әке айрылды жалғызынан,
Маңдайына басатын жалбызынан.
«Үйлендірем - деп жүріп у ішті ғой,
Бір сұлуға кем емес - хан қызынан».

Баяны жоқ дариға, фәни жалған,
Біреуді - кеш,
Біреуді - ерте алған.
Ата-анасы еңіреп қыршындардың,
Көкжиекке қараумен көзі талған.

Ей, Құмкешу!
Ей, Сейтен!
Ей, Татырым! –
Шаһит болды сендерде сан батырым!
Соларды ойлап, қарадай санам сыздап,
Талай күндер зар жұтып бас қатырдым.

Ақ дария айдынды – ей, Доғалым,
Өткел болған баршаға – ей, Қоғалым.
72 шаһиттің рухтары –
Екеуінді етті ғой шын бағалым!

Қорған болған сарбазға – ей, Доспаным,
Саған нұрын төкті мол көк аспаным!
Токсан қабат тоғайың жауды жасқап,
Болдың бір сәт айбарлы алдаспаным!

Сеніңдағы көп мұңың – ей, Күйігім,
Өзің едің - ежелден бір биігім!
Тышқан батыр секілді дара тұлға,
Тұршы жайнап-жасанып, кермиығым!

Ей, Торғайым!
Ұлы анам қасиетті!
Қай ел көрді – сен көрген қасіретті?!
Жүрегімнің жарасы жүр жазылмай,
Сенесің бе, міне, бір ғасыр өтті.

Ақшығанақ!
Отаны – рухты ердің,
Асыл атам - Ер Шақшақ Жәнібектердің!
Мекенісің – Меккеге айырбастамас,
Сырбаз ақын Кеңшілік – Серіктердің!

Жырға қосты сендерді бұлар-дағы,
Сарбаздардың бәрі де – ел ардағы!
Жәнібек бабам аруағы жатпас қарап,
Торғайымның басына қонар бағы!!!

Қонар бағы!!!
Қонбауы – емес мүмкін,
Қайта айналып - тағы да келер бір күн!
Оған шәк жоқ!
Таласпа, ей ағайын,



Күн болса ғой көретін – соны, шіркін!

Қоныс қылған ертеден өңкей ері,
Әнге қосқан тағдырын талай сері!
Мүмкін емес – қалуы қалтарыста,
Қайта өркендеп, көктейді - Торғай жері!

Нұрхан Сырбай, Ғафулар өтті толғай,
Бұлардың да – иманы көркем болғай!
Тәңір Өзі - сақтасын қасиеттеп,
Елім,
Жерім -
Киелі қайран, Торғай!

Барлығы да – Алладан!
Алла – шебер!
Өзімнен! - деп кейбіреу босқа кебер,
Жатпас бекер рухы да сарбаздардың,
Олар-дағы ұрпағын желеп-жебер!

4

Азаттық! – деп бәрің де қондың атқа,
Лағнет айтып отаршыл саясатқа!
Аманаты еді ол – бабалардың,
Салмадыңдар титтей дақ аманатқа!

Кешсендер де майданның машақатын,
Татпадыңдар тірліктің рахатын.
Пейіш болсын - бакилық мекендерің,
Бір Алланың көріндер шарапатын!

Жұлдыз болып бәрің де жанындаршы,
Хауыс-кәусәр суына қанындаршы!
Ақ Туының астында Пайғамбардың,
Мақшар күні сап түзеп тұрындаршы!

Ожмахта кенеліп игілікке,
Пырақ деген мініңдер сәйгүлікке.
Хордың қызын құшыңдар,
Қайран ерлер –
О дүниенің төрінде мәңгілікке!

Ей сарбаздар, ерсіндер - бәріңдағы,
Қардай аппақ ұятың,
Арыңдағы!
Тас-талқан ғып тазартғын дұшпандардан,
Қоныстарды кездескен жолыңдағы.

Арбауына жауыздың еш көнбеген,
Қаруынан құрсаңған сескенбеген.
Ерсің түгел - шетіңнен жүрек жұтқан,
Қауіп-қатер барын да ескермеген!

Отан үшін қаймықпай өртке ендіңдер,
Өлейік, - деп – Ел үшін! ант бердіңдер!
Солдаттарды Доғалда домалатып,
Туарына Азаттық шын сендіңдер!!!

Мылтықтарды - қос қолда ойнаттыңдар,
Ал семсерді өткір ғып қайраттыңдар!
Ата жауды - айламен жер қаптырып,
Екіден – бірін, пай-пай, жайраттыңдар!

Қалғандары амалсыз кері қашты,
Бір-біріне долданып, жынын шашты.
Олардың да жартысын жойдыңдар ғой,
Амалсыздан сіреу қар қойнын ашты.

«Оналтының» ойраны елге мәлім,
Не істемеді қазаққа патша залым?
Ақ,
Қызылға бөлініп,
Ылаң салған -
Сол зұлматтан ел-жұртым алсын тәлім...

Халқым енді екіге бөлінбесін,
Жатқа барып, -
Жалынып, емінбесін.
Айдап салмақ
Ал олар - бір-біріне,
Соны ойласын,
Бекерге сүрінбесін!

Көрінгенге бас иіп телінбесін,
Өкпесі өшіп,
Өкшесі тілінбесін.
Өзді-өзі жауласып,
Қырқысам,- деп -
Өзгелерге оп-оңай жеңілмесін!

Бір-бірімен - бекерге алыспасын,
Шатақ іздеп, шап тіреп - шабыспасын.
Көрші елдерден еш көмек сұрамасын,
Білсін және олардың болыспасын.

Сабыр қылса - қиындық бәрі де өтер,
Мұратына - иманды халық жетер!
Түк өнбейді өзді-өзін мұқатқаннан,
Онда қаулап кетеді қауіп-қатер...

АЗАМАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚИНАУҒА ЖӘНЕ БАСҚА РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қостанай облысының прокуратурасымен қазіргі уақытта «Азамат-тарға қатысты қинауға және басқа рұқсат етілмеген ықпал ету шараларын қолдануға қарсы іс-қимыл бойынша» жо-басын іске асыру бойынша тиісті іс-шаралар жүзеге асырылуда.

«Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңымен Қазақстан Республи-касы 1984 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылды.

Атап өтейік, аталған Конвенция БҰҰ Бас Ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 Қарарымен қабылданған.

Осы Конвенцияның мақсаты үшін «азаптау» анықтамасы қандай да бір адамға одан немесе үшінші адамнан мәлімет не-месе мойындау алу, ол немесе үшінші адам жасаған немесе жасағанына сезік келтірілген әрекетіне оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды қорқыту немесе мәжбүрлеу үшін дене немесе адамгершілік қатты зақымдары немесе азап шегуі қасақана жасалатын немесе кез-келген сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез-келген себеп бойынша мұндай зақымды немесе азап шегуді мемлекеттік лауазымды тұлғамен немесе ресми түрдегі басқа да адаммен немесе олардың азғырушылығы немесе олардың келісімімен немесе үнсіз келісу бойынша келтірілетін кез-келген іс-әрекетті білдіреді. Бұл анықтамаға заңдық санкциялар нәтижесінде ғана туын-дайтын, осы санкциялардан ажыратылмайтын немесе олармен кездейсоқ келтірілетін зақым немесе азап шегу енгізілмейді.

Қатысушы мемлекеттің әрқайсысы өзінің заңи құзырындағы кез-келген аумақта азаптаулар актілерінің алдын алу үшін тиімді заңнамалық, әкімшілік, сот және басқа да шара қолданады.

Қандай да бір соғыс жағдайы немесе соғыс қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе кез-келген басқа да төтенше жағдай сияқты ерекше жағдайлар азаптаулардың актауы бола алмайды.

Жоғары тұрған бастықтың немесе мемлекет билігінің бұйрығы азаптаулардың актауы бола алмайды.

Ауданның қылмыстық қудалау органдарында азаматтарға қатысты қинауды және басқа да рұқсат етілмеген ықпал ету шараларын қолдануды мүлдем болдырмау мәселесі аудандық прокуратурамен айрықша бақылауға алынды.

А.ТЕНТЕКОВ,
Амангелді ауданының прокуроры, әділет кеңесшісі.

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ШІЛДЕ 7 АЙЫНА ҚОРТЫНДЫ

Жергілікті Статистика басқармасы 2016жылдың өтіп кеткен жеті айына Амангелді ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша қортынды жасады. Қолданыстағы бағамен өнеркәсіп өнімінің (тауарлар,қызметтерінің) көлемі 64,1млн. теңге, нақты көлем индексі былтырғы жылдың осы уақытына сәйкес 141,8%.

Әлеуметтік даму туралы сөзді жалғасыра отырып айтып кетуге болатыны осы бес ай ішінде қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 525млн.теңге 89,8% былтырғы жылдың осы уақытына текті. Орындалған құрлыс жұмыстары туралы айта кетсек, былтырғы жылдың жеті айымен салыстырғанда өте жоғары көрсеткіш 2015жылдың пайдасына, яғни (198млн.теңге-732млн.теңгеге қарсы). Тұрғын үйлерді пайдалануға беру, жалпы алаңының шаршы метр көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда жоғары 628 шаршы/м 590 шаршы метрге. 2016 ж. 1 тамызға текті шаруашылықтардың барлық санаттарындағы мал мен құс санының көрсеткіші төмендегідей ірі қара 34370бас, былтырғы жылдың осы уақытымен салыстырғанда 109,7%, қой 53453 бас, салыстырғанда 103%, жылқы 15664 бас, салыстырғанда 108,1%, түйе 47 бас, салыстырғанда 102,2%, құс 172087 бас, салыстырғанда 100,4%.

К.МУСТАФИНА,
статистика басқармасының басшысы

НОТАРИУС: 12.05.2016 жылы қайтыс болған аз.Өмірбекұлы Фазылбектің мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай облысы нотариаттық аймағының Амангелді ауданы же-кеше нотариусы Исмагулова Ақмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын (телефон 871440 21928).

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

04.11.1986 жылы туған Калмышев Аслан Алимгазиевичтің атындағы жүргізушілік куәлігі жоғалуына байланысты жа-рамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

23.11.1974 жылы туған Ходен Шынғыс Мұхтарұлына 30.05.2012 жерілген №0063899264 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Роза Советованың атындағы сериясы В, №0022571 (мем.но-мер 773PAFD модель Е-1200) және сериясы ПММ, №0139211 (мем.номер AFDP924 модель ПТС-9) тех.паспорттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

13.10.1992 жылы туған Шаяхметов Серикболсын Аман-тайұлына берілген №024773415 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

06.02.1993 жылы туған Досова Айдана Нұрлыбайқызына 21.02.2014 жылы берілген №036421956 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

САРБАЗДАР



5

Тәуелсіздік - қадірін ұға алмасак,
Тебіrentуден аруакты ұялмасак,
Дерегі жоқ - жел сөзді,
Дәйегі жоқ –
Түбі жақсы болмайды доғармасак.

Мұның бәрі - Торғайдай мәлім жұртқа,
Тұртпектеген... тоқтау сал кейбір қыртқа!
Көрінгенге телиді жамандықты,
Одан келер зиян мол біздің ұлтқа.

Оның бетін Раббым әрі қылсын,
Ынтымақ пен бірлікте халық тұрсын!
Азаттықтан - енді Алла айырмасын,
Бақталастық,
Күншілдік - кетсін, құрсын!

Ата-ана да,
Сәби де – жыламасын,
Көздің жасын көл қылып бұламасын.
Тәуелсіздік – жалғасып бақилыққа,
Көк Туымыз ешқашан құламасын!

Сарбаздардың - арманы еді ғой бұл,
Кетті ерте шаһит боп талайы түл.
Тәуелсіздік - солардың аманаты,
Аманаттың - қашан да, қадірін біл!

Тәуелсіздік – Алланың берген сыйы,
Бабалардың мәңгілік тартқан күйі!
Бодандыққа қайтадан түспес үшін,
Ойласа екен бірлікті елім жиі!

Тәуелсіздік – Тәңірдің дара бағы,
Құлатпайық - қайтадан оны тағы...
Енді талас-тартысқа түсер болсақ,
Мәңгілікке сынады елдің сағы!

Жүрегіне - иман мен ар ұялап,
Кезінде Алаш - мемлекет жариялап!
Тәуелсіздік алған ек,
Соны бірақ –
Құлаттық қой өзіміз «құпиялап»...

Іштен шыққан большевик кінәлі оған,
Аңқаулықпен алданып, ердік соған.
Жойдық көзін Алаштың жанталаса,
Оралмайық ағайын, енді бұған!

Ұлтын сүйген Алашқа - сенбедік қой,
Айтқанына «айтақпен» - көнбедік қой.
Құдайсыздың сөзіне қалбаң қағып,
Ақыр соңы не өсіп-өнбедік қой.

32-нің - білесің аштығын да,
37-нің - білесің қастығын да.
«Азаттықты берем» - деп алдап соғып,
Отар қылған ұмытпа, «достығын» да.

Басқыншылар осылай қас қылады,
Аяққа емес, әуелі басқа ұрады.
Кешегі Отан соғысы басталғанда,
Қорғап қылған қазақ қой Москваны!

Сол еңбегі - ұлтымның еленді ме,
Шынайы алғыс, құрметке бөленді ме?
Қорықты деп ойлайды қадірлесен,
Жағынғаннан жалбақтап - түк өнді ме?

Сарбаздардың арманы емес-тін бұл,
Басқыншылар айламен етті ғой құл!
Алдап-арбап, азаптап асылынды,
Өте шықты емес пе, 73 жыл..?

Неңдей бақыт таба алдық сірә, одан,
Деген жоқ па, «бұлардың бәрі надан»
Атақ, орден... берді де жақауратты,
Ақиқаты – түп-түгел болдық бодан.

Тәуелсіздік алғалы - жиырма бес жыл,

(Соңы. Басы 11-бетте)

Жиырма бес жыл – әрине, жиырмабес жыр!
Амал қанша, қадірін білмей оның,
Арам сауда жасаумен кеңкелес жүр.

Былықтар мол байқасаң көп қорларда,
Олардан да - әрине, бар зорлар да...
Азаттықтың қадірін қайдан ұқсын,
Мемлекетін тонаған жемқорлар да.

Азаттық пен бодандық – бір оларға,
Жер таппаудың орнына ұяларға.
Солар, өрлеп барады биіктерге,
Қилы-қилы ой келер саналарға...

Бостандықтың қадірін білмейтіндер,
Мынау ғажап заманды сүймейтіндер -
Қарынды ойлап, кампиып жүрген қулар,
Елін, жерін - шын жақсы көрмейтіндер.

Алдырмайды әрине, олар ішін,
Озбырлыққа жұмсауда барлық күшін.
Баии беру – арманы ертеле-кеш,
Тәуелсіздік - көк тиын олар үшін.

Сарбаздардың арманы – Бостандық-ты,
Ұстау еді қадірлеп бастан мықты!
Абай болсақ - өзіміз-өзімізге,
Ешкім жасай алмайды дұшпандықты!

Ия олардың мұраты Азаттықты –
Сақтау еді
Және де қазақтығын!
Алашты Алла қолдасын енді мәңгі,
Көрсетуге жаһанға ғажаптығын!

Олар туған ұлтының маңғаздары,
Алға қара салмаған сырбаздары!
Келді елеусіз,
70 жыл есімі де -
Мынау ұлы даланың сарбаздары!

Мен оларды білемін - халқым ғой! - деп,
Аласармас ешқашан - даңқым ғой! - деп.
Рухына бас ием - бәрінің де,
Жырға қосу - ежелгі салтым ғой! - деп.

Сарбаздардың шетінен – бәрі батыр,
Туған жерде - жарқырап ізі жатыр!
Барлығына осының –
Ақшығанақ,
Торғай,
Доғал,
Күмкешу -
Қуә - Татыр!!!

Қажы ҚУАНДЫҚ



Құрметті оқырман! Қостанай қаласындағы «Шапақ» баспасынан ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына орай осындай атпен құжаттар мен деректерге негізделген жаңа кітап шығарылды. Туынды қалың оқырманға арналған.

БҮГІНГІ
АМАНКЕЛДІ КЕЛБЕТІ

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1950 дана. Тапсырыс - 1885

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды. Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57 Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.